



## БАСПАДАН

Орденді ақын Көкен ШӘКЕЕВ – суырып салма айтыс ақыны. Ол арқаның атақты әнші-ақындары Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, үкілі Нбрай мұраларын жаттап, таратып, халық ауызындағы сөз қазынасын, ұзақ қисса-дастандарды домбыраға қосып көпшілікке жеткізіп насихаттап жүрген дарын иесі. Оның тікелей өзіне ұстаз болған адам – Ұлы Отан соғысынан бұрын Алматыда, елдегі жиын-тойларды талай айтысқа түскен халық ақыны – Шәкен Отызбаев.

К.Шәкеевтің өмірбаяны және айтыс өлеңдері "Ғылым" баспасы шығарған "Қазақтың қазіргі халық поэзиясы" /1973/ және "Ақын-жыраулар" /1979/ атты жинақтарға енді. Оның айтыс үлгілері жайлы пікірлерді жекелеген ақын-жазушылар мен ғалымдардың соңғы кезде жарыққа шыққан еңбектерінен де оқуға болады. Көкен Шәкеев аудандық, облыстық, республикалық ақындар айтысына соңғы ширек ғасырлар бойы үзбей қатынасып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Бұл жинаққа ақынның әр кездегі өлең-жырлары, толғаулары және айтыстары еніп отыр. Құрастырған СССР Журналистер одағының мүшесі Әуез Өтеев.

## МЕНІН ЖЫРЫМ

Алдында тұр - ақын туған ұлдарың,  
Жырмен тербеп Көкшетаудың қырларын  
Риза қылсам деп ойлаймын бәріңді,  
Ағытылып асыл сөзден жырларым.

Ең әуелі белбітшілік=қорғаным,  
Мен көксеймін бүкіл әлем арманын.  
Мен айтамын адамзаттың ояларын,  
Тыныштыққа бөленсін деп таңдарым.

Менің даусым - партияның өз үні,  
Менің жырым - бар жүректің сезімі.  
Менің өнім - партияның үндеуі.  
Коммунистік ұстамдықтың төзімі.

Менің туым - туысқандық, бірлестік,  
Маған дұшпан - көре алмастық, күндестік,  
Тың тыңайтып, көтеріліп еңсеміз,  
Аңыздағы алыптардай күнде өстік.

## ӨЗБЕК - ӨЗ БАУЫРЫМ

Өзбек бауырым - өз бауырым, қаным бірге,  
Төсекте бас, төскейде малым бірге.  
Отанға хауіп-қатер төнген кезде,  
Окопта болып еді жаным бірге.

Қол қоралас, жан жондас, іргем бірге,  
Оқуда да парталас жүргем бірге.  
Кешегі тың игеру науқанында,  
Еңбекке білегімді түргем бірге.

Абай менен Науаи тілдескендей,  
Арманы екеуінің бірлескендей.  
Қатар жатқан екі елдің үл мен қызы,  
Бірге туып көркейіп бірге өскендей.

Ертеде тарттық өмір азабын көп,  
Шәйірлер жыр ғып айтқан ғазалың көп.  
Тілің бірге, салт-сана, дәстүр бірге,  
Өзбекті қаламын мен қазағым деп.

Сіздерге жайып құшақ сәлем берсем.  
Кішіні "ука" үлкенді "әкә" десем.  
Туыстықты ту қылып ұран берген,  
Коммунистік партия, Ленин көсем.

Құшақ ашық, қош келдің бауырларым,  
Мейман бол, қарсы алады ауылдарым.  
"Жас келсе - іске, кәрия асқа" деген,  
Ән салсын, жас жігіттер, аруларым.

Келгенде өзбек достар он жыл бұрын,  
Болғанда Көкшемізде Гафур Гулям.  
Көргенде Бурабапды, Айнакөлдi,  
Атақты Зулфия да жыр арнаған.

Мінекей бізден тағы жыр төгілді,  
Келген соң шын "ортақлар" сыр төгілді.  
Оқимыз Хамза, Албек, Абдолланы,  
Білеміз, Кәмил, Үйгын, Мыртемірді.

Бұл тойда Ахмет пен Әлім отыр.  
Сүйікті Ләзиза деген ғалым отыр.  
Қаракалпақ ақыны Тілеуберген,  
Өнерлерін ортаға салып отыр.

Кездесуден көңілім тасып алар,  
Басталып бір дастанның басы қалар.  
Көңілің көктем, жүзің жаз бола берсін,  
Өзбек бауырым - өз бауырым, ашыналар.

## ЕГІНШІ ЕРЛІГІН КӨРГЕНДЕ

Көріп едім көктемдегі еңбегін,  
Біліп едім жемісінің өнбегін.  
"Егін - теңіз, комбайным - кемесі"  
Тағы бірде күзде аймалып кел дедің.

Сол бір сөзін диқан інім мақұлдап,  
Барып көрдім сол өңірді жақында.  
Еске түсті көктемдегі теңеуім,  
Тербетілді сол теңіздей ақын да.

Менің ойым толқиды осы бидайда,  
Масақ жатса көңіл оны қимайды-ай.  
Қалдырмашы бір дәнін де, диқаным,  
Ертеңінде еңбегіңді ел сыйлайды-ай.

## АЛТЫН АСТЫҚТЫ АЛҚАПТА

Алтын маржан астықты алқап өз жегім,  
Оны игерген, екінші дос, өздерің.  
Берік төзім, жылдағы өнім тағы да  
Өзгермепті=ау уәделі сөздерің,

Ұясына әлде қашан ай батты,  
Сонда да жүр диқандарым қайратты.  
Көз ілмедің, көсілмедің төсекте,  
Міне тағы кезегімен таң да атты.

Қайда барсам моторлардың гүрілі,  
Тынымсыз ол - ұлы еңбектің дүбірі.  
Естілмейді күбірлеген бейқам сөз,  
Естіледі шалғылардың сырылы.

Бұл өңірге тағы айналып келейін,  
Ақын болсам өлең жазып берейін.  
Қырағы көз, қажырлы қол, диқаным,  
Қандырады жолаушының мерейін.

КӨКШЕ ДӘНІ - ЕҢБЕК ӘНІ

Қарашы, от жұлдызды мына түнге,  
Көбейген Еңбек Ерi күннен күнге.  
Кел құрбым, қос басына - қызу жерге,  
Диқанмен атқызайық таңды бірге.

Жас түгiл қарт құлағы елеңдеген,  
Ерлердiң ер еңбегiн көрем деген.  
Бертi бар совхозының биылғы жыл, -  
"Отанға миллион пүт берем" деген.

Баласы осы қарттың дән тасыған  
Аспазшы келiнi де өз қасынан.  
Қырманда тау боп жатыр алтын астық,  
Ел болып жұмылуы мiне, осыдан.

Орақта тәулiк бойы қызса майдан,  
Табылар жатып iшер жалқау қайдан?  
Егiнiн ерте жинап алғандар бар. -  
Еңбек ет, үлгi ал да осындайдан!

Бармақтай iрiктелген Көкше дәнi,  
Қашаннан жердiң сәнi, елдiң сәнi.  
Сол дәндi төкпей-шашпай жинап алып,  
Шырқалсын асқақтата еңбек әнi!



ТОРҚАЛЫ ТОИҒА АРНАУ

/Көкшетау қаласының 150 жылдығына/

Уа, халқым, бүгін тағы торқалы той,  
Жыр төгіп, шалқитұғын шарықтап ой.  
Бақытты ұлы өмірдің арқасында,  
Көкшенің еңбекші елі көтерді бой.

Қаланың жүз елуге жасы келді,  
Мұндай да ақын жыры тасыр енді.  
Халқымның айнасы боп айқындайын,  
Мақтамай қалай тұрам батыр елді.

Көкшенің жетістігі ойланарым,  
Арналды соған ғана ойда барым.  
Өлең ғып көңіл құсын ұшырмақпын,  
Ақтарып ойларымның қоймаларын.

✓ Көкшетау атанса да бұрыннан да,  
Сәкеннің білсек тағы жырынан да.  
Советтің дәуірінде дәуірледі,  
Қалыспай Кавказдан да, Қырымнан да.

Көкшетау - астық тауы, достық тауы,  
Көбейген күн-күн сайын шақша - бауы.  
Табады келген адам дертке шипа,  
/Ең қымбат адамзатқа деннің сауы/г.

✓ Күмбезді Көкшетаудың бұлттан асқан,  
Талайлар тарих етіп жазған дастан.  
Көшпелі тоқсан ұлттың қол ұстасып,

Үл-қызы тоқсан ұлттың қол ұстасып,  
Көшіне коммунизм қадам басқан.

Көкшетау ерінбеген еңбек елі,  
Төгілмес маңдайынан тегін тері.  
Озаттың кеудесінде жарқырайды,  
Ордені, Жұлдыздары, Еңбек Ері.

Оя салып бүгінгі мен кешесіне,  
Көз салып өтейікші көшесіне.  
Риза боп соңғы жылдар жемісіне,  
Қаламен өзің бірге өсесің де.

Көрген де көкке өрлеген құрылыстарын,  
Жақсарған қала халқы тұрмыстарын.  
"Жарайсың, көкшеліктер", - дегің келер,  
"Мол екен атқарылған жұмыстарың".

Сол мұнысты саралап,  
Жеткізейін тіліммен.  
Қала байын аралап,  
Ән төгейін жырыммен.

Сол әнімді арнайын,  
Ұлы Ленин көсемге,  
Болашаққа мол сілтеп,  
Мүсіні тұрған көшемде.

Апта берсе ағылып  
Сөз табылар шешенге.  
Көп болмайды қалама  
"Мың жасасын" десем де.

Тұрғын үйлер беретін,  
Комбинатқа қарашы.  
Сәулетті сарай театр,  
Қаншама болған санашы.

Неше түрлі заводтың  
Жасалып жатыр жобасы.  
Тыңда толқын дән өсіп  
Өзгерсе Көкше даласы.

Мәдени-тұрмыс сән кешіп,  
Өзгерді оның қаласы.  
Өзгерткен мұны өзіміз,  
Бірнеше ұлттың баласы.

Жасыл орман көмкерген  
Қала сыртын орашы.  
Гүлді желек жамылған  
Екі көше арасы.

Е

Іздегенің табылған  
Сауданың жоқ таласы.  
Бәрі дайын, бәрі бар,  
Ешкімнің болмас таласы.

Он мың адам сиятын,  
Стадион керікті.  
Қала халқы бас болып  
"Юбилейге" беріпті.

Бүгінгі таңда тоғыз көзіміз,

Басқа да табыс аз емес,  
Үялмай тойға келіпті.  
Осының бәрін тап бүгін  
Айтпайды ақын нәлікті?

Бұл өңірді өрлесен,  
Бір тілекті қауым бар.  
Мекен еткен Құйбышев  
Бұқпа атты тауым бар.

Суға түсіп дем алсаң,  
Қопа атты көлім бар.  
Алыстан аңсап келе алсаң  
Көкше атты жерім бар.

Суреттеп егер бере алсаң  
Еңбектегі ерім бар.  
Табысың тегіс көре алсаң  
Ленин орденді елім бар.

Қайсыбірін айтағын  
Озаттардың саны көп.  
Аталмаса бірақ та  
Жырының ақын мәні жоқ.

Тұтқышұлы Құрманбай,  
Балғабаев Жанғали,  
Жетібаев Әлібек,  
Бекқожа ұлы Қаратай.

Сөз қозғасам әріден,  
Апта берсең бәрі де  
Бесжылдықтың озаты.

Дүбір десе елеңдеп  
Делебесі қозатын  
Уақыт қымбат, халайық,  
Сөзімді әрі созатын.

Жырды төккен кім десең,  
Көкен деген өз атым.  
Суырып салда бұл күнде  
Деп жүрмесін "жоқ ақын".

Тап түгінгі той күні,  
Бар сырымды ашайын.  
Домбыраның қос шегін,  
Серпілте бір басаиын.

Көмейден ой күйылса,  
Сөзді неге тосайын.  
Бүгінгі күн айтыс жоқ  
Болса да неге қашайын.

Табысым мол болған соң,  
Аққан судай тасаиын.  
Қаламмен бірге есейіп,  
Халқыммен бірге жасаиын.

СӘЛЕМ САҒАН, ҚЫЗЫЛЖАР!

Солтүстік Қазақстан орталығы -  
Қызылжар, қаласын сен аркада ірі.  
Есігің Октябрудің тербетіскен,  
Қастерлі қала өзің мол тәлімі.

Сен десем - Сәбең Сабыр есімдерін  
Еске аламын, сенің рухың өсіргенін.  
Ұл-қыздар сенде туған бақытты ғой,  
Көркейткен еңбегімен Есіл жерін.

Төсінде одрендерің жарқыраған,  
Қызылжар, әбден аян даңқың маған.  
Сұлулық, ұлылыққа Есіл куә,  
Етегің ақ бидаймен алтындаған.

Қызылжар - көне қала еңсең биік,  
Төбеңнен тамылжиды күнің сүйіп.  
Осынау зор даңқына, дидарыңа,  
Мен тұрмын тағзым етіп басымды иіп.

Өзіңнен отау алдық алтын бесік,  
Көкшетау көркейіп тұр даңқы өсіп.  
Жерлестің жетістігің көру үшін,  
Жіберді барып кел деп есендесіп.

Осылай отауыңнан саған келдім,  
Ел ісін, ердің күшін көзбен көрдім.  
Атыңа затың сәйкес, Қызылжарын,  
Екенсің мақтанышы туған елдің.

Қызылжар – көне орда, көркем қала,  
Өзіңсің батыр әке, даңқты ана.  
Достықтың, туыстықтың туын тіккен,  
Қарт қала, сәлем бердім шабыттана.

## ЕССЕНТУКИ

### Баллада

Шүгілген алғыр бүркіт қыран Кавказ,  
Ерлікке шақырғандай ұран Кавказ.  
Көгілдір күміс күмбез Көкшетаудан,  
Жыл сайын саған келіп тұрам, Кавказ.

"Есен=тук" шипа судың бір бөлегі,  
Бұлағы сылдыраған жыр төгеді.  
Бір мықты түрік тектес патша болған,  
Ауырған, міне, соның бір бөбегі.

Ши борбай, қабақ қарын, мыртық бойы,  
Жылайтын дем алмастан күні бойы,  
Анасы жер астынан шыққан суға,  
Баланы шомылтуға кеткен ойы.

Баланы отырғызған шұңқыр жерге,  
Бір кезде бала батқан қара төрге.  
Өкпесі кеудесіне әрең сылған,  
Тыныстап майда қоңыр самал желге.

Ана да тыныс алып көзін ілді,  
Ііскегендей саф ауа, раушан гүлді,  
Ояның баласына көзін салса.  
Бала шат, анасына қарап күлген.

Анасы мұны көріп шаттанады...

Аңызда міне осылай қатталады...

"Бой өскен, ойы да өскен, "Есен=түгел"  
Дегеннен "Есен=тук" боп аталады.



Мұны айтқан бізге жыр ғып Кавказ шалы,  
Сұйық сөз - арық аттың бейне жалы.  
Анығын аспандатсаң артың болмас,  
Адамның арта түсер қуат-Қары.

БЕРЕКЕ

Сәлем, саған еңбекші ел – Көкше халқы,  
Үнемі ерлік іспен шыққан даңқы.  
Қайырлы, құтты болсын жеңістерің,  
Демекпін тоғра ұлассын тойдың арты.

Қашанда Көкше көркі жырмен асқақ,  
Берсінші тойларыңды ақын бастап.  
Қуаныш құтты болсын, қазақ елі,  
Отырған миллиардты артқа тастап.

Оныншы бесжылдықтың алғы жылы,  
Қарсы алды табысыммен халқым мұны.  
Жүз отыз алты миллион астық беру,  
Осы еді біздер үшін еңбек сыны.

Бұл сыннан сүрінбестен сырғып өтіп,  
Жүз алпыс миллионға келдік жетіп,  
Сан ұлттың өкілдері көмектесті,  
Бірлікте, ұйымдықта барлық тетік.

Орақта шығып жатты талай алып,  
Бірінен бірі озып, бір қалып.  
Осы той сол жарыстың нәтижесі,  
Ерлерім өрге өрлеген бағы жанып.

Мақтағым ауданымды келіп отыр,  
Не керек уақытты аз беріп отыр.  
Бірақ та өрендерім осы залда,  
Жұртшылық өз көзімен көріп отыр.

Егерде көз жіберсек алыстарға,  
Әлі де озу керек жарыстарда.  
Бүгінгі Брежневтің құттықтауы -  
Жаңадан жетелейді табыстарға

Беделің арта берсін туған елім,  
Бөлей бер қуанышқа Көкше жерін.  
Ананың ақ сүтіндей ақталсыншы,  
Әр уақыт Партиямыз артқан сенім.

АРНАУ ӨЛЕМДЕР

**БӨЛЕЛЕРГЕ**

Анамыз бірге туған бөлелерім,  
Бөледен туған ұрпақ "төрелерім".  
Туыстық жүрегіммен тілейтінім,  
Бақ-дәулет, биік болсын төбелерің.

### ЖАҚСЫЛАРҒА НАЗ

Өлеңге бұрынғыдай қырым да жоқ,  
Жасырар жақсылардан сырым да жоқ.  
Ауданға алты мың сом бәйге келсе,  
Көкенге алты тиын ырым да жоқ.

Бір киімшең баламын еске алмайтын,  
Деген бар жақсылық іс кеш қалмайтын.  
Арым таза, мінім жоқ тартар жаза,  
Жазығым не, жақсылар көшке алмайтын?

Күнің үшін қайтесің үндемейсің,  
Сөз қылып, өш пәндені күндемейсің.  
"Жақсының шофері де болмадың" деп  
Таяқты қосағыңнан күнде жейсің.

### БОРКЕНГЕ

Сөз дарыса әркім=ақ ақын болар,  
Сыл=құрмет - алатұғын ақың болар.  
Көре алмаған қайтеміз күңкілдесін,  
Жақсы кісі ақыңға жақын болар.

Бағалар сөз асылын, шеберлігін,  
Ел еркесі, ел сүтін емерлігін.  
Ақындар да ұмытпас ешуақытта  
Ел інісіз ерні қатып. кеберлігін.

Қолдаса ақындарды ел ағасы, -  
Тасымаса, жасымас еш бағасы.  
Жібекті түте білмес жун қылмай ма,  
Аңғарғанға көп мұның мағынасы.

БАЛАЛАРҒА

Уа, балалар, күтiңдер сен әкендi,  
Бiлiм нұрын әкең саған әпердi.  
Жастар жетер, кәрi кетер – ұлы заң,  
Сүм қара жер жұтқан жоқ па Мұхтар, Мәлiк, Сәкендi.

Сүм қара жер жұтқан жоқ па Абай, Шоқан ғалымды,  
Жазып кеткен ертедегi шежiренi, зар үндi.  
Көзiм жеттi: бiз қонақпыз дүниеге,  
Өткендi ойлап көңiлiм бiр тарылды.

Жақсы қонақ келсе үйiңе, көтерiлер көңiлiң,  
Тазартқандай тозаң басқан көңiлiңнiң көбiгiн.  
Жаман қонақ не iз қалдырар көңiлде,  
Есiмi де естен шығар, ескермей де өлiмiн.

Жақсы қонақ болсақ деймiз жалғанда,  
Талай шешен өтiп жатыр арманда.  
Без қалдырмай сөз қалдырсақ өлмейтiн,  
Аманат қып артымызда қалғанға.

Талай талант бiзден кейiн тұар да,  
Аятысар да, ақындықты қуар да,  
Ойлағтыным, тiлейтiнiм тiрлiкте:  
Өзiмменен сөзiм бiрге суалма!

Өзiм өлiп, сөзiм қалса нұсқау боп,  
Ұрпақтарым қуса сөздi ұста боп.  
Атасаңдар "көкем солай екен" деп,  
Өкiнбеймiн бұл ғұмырым қысқа деп.



ӨТІНІС

Көзімнің көретұғын нұры - балам,  
Көркейтер көкірегімнің сыры - балам.  
Әкенің қарызы - жоқ, парызы көп,  
Жүрсендер болды маған тірі, балам!  
Тек қана халық үшін абыройың  
Арналсын бойда қуат, ақыл-ойың.  
Жанымыз "жақсы" десе қуанады, -  
Сол маған берген асың, сойған қойың.  
Әкең де адал күшін кешіреді,  
Көңілді жақсы атағың өсіреді.  
Болсаңдар үйде - үлгі, түзде - түзу,  
Ажал да маған келмей кешігеді.

## ҮСТАЗДАРЫМА

Оқытқан Лениннің ұлы істерін,  
Үтреткен партияның жеңістерін.  
Жұлдызды жақындатып, айды айқындап,  
Білімнің Отан тартқан жемістерін.

Үстазым ұстамдықтың үлгісіндей,  
Терең оя, таза сөйлеу тіл күшіндей.  
Арнаған бойда қуат, білім арын,  
Бөріне оқушының бір кісідей.

### АҚЫНСЫМАҚ

Атқайға өзiм құсап сала алмасаң,  
Тереңге бойлап жүзiп бара алмасаң.  
Халаяқ сенi дұрыс бағалай ма,  
Қапысын қарсы ақынның таба алмасаң.

Ақындық өнерiмдi талай көрдiң,  
Қорықпастан айтысуға тағы көлдiң.  
Төзiмiң жетсе егер отыра бер,  
Келедi жыр қамшымен сабай бергiм.

Шын ақын жақсы сырын жасырмайды,  
Бiрақ та басынан сөз асырмайды.  
Балтамен шабар мiнiн тура айтпасаң,  
Көйбiреу ақынсымақ басылмайды.

ДӘРІЖАНҒА

Құдашам, қол алысқан ғашық жарым,  
Кей кезде мінезім бар бірлі-жарым.  
Сапарға қол ұстасып бірге шықтық,  
Біраз күн қорғаштай гөр Көкен арын.

Берілген өзіңе деп жүрегім бар,  
Сәл ғана ренжісең түнегім бар.  
Басыма мойын болған тірегім бар,  
Сұрайтын сенен, қалқа, тілегім бар.

Алдыңа біреу қойса қадірлі асын,  
Көрсетіп қали-қадір ықыласын.  
Тыямашы әзілімді әзір тұрған,  
Құдаша, жасымасын дарқан басым.

Жәй кезде сөз сөйлеуге ерінемін,  
Жақсының сөзін тыңдап елігемін.  
Домбыра шаршы топта қолға тисе,  
Өзімді ұстай алмай желігемін.

Кетемін шалқып, толқып ешкімді ертпей,  
Кей біреу сөз сөйлесе дөңгелектей.  
Ауру қалсадағы әдет қалмай,  
Сол шіркін бала жастан ерген дерттей.

Сондай да қысып қалма тақымымды,  
Құдадан қосылған бір жақыныңды.  
Ондай да көзге тиген қамшыдайсың,  
Ыза боп ішіп қоям ақылымды.

Онсыз да басыламын тер шыққан соң,  
Іздеген өлең деген кен шыққан соң.  
Дегендей сап-сап көңілім, тоқталармыз  
Кәрілік деген алдан дөң шыққан соң.

Қадір бар жерде елге еркелейік,  
Жас жетпей жанды ұрыспай ерте көйіп.  
Жақсыны тәңір көріп, табынайық,  
Жамандық көрсек жолда, налымайық.

### ДӘРИЖАН АУЫРҒАНДА

Құдаша сырқаттанып жүдетіп тұр,  
Балалар еркелікті үдетіп тұр.  
Жарыңыз жарты адам секілденіп,  
Зырқырап мағынасыз күн өтіп тұр.

Қараймын балалардың қабағына,  
Су тасып, от жағамын тамағына.  
Көрсеткен біраз ғана мысал шығар,  
Бір көлдің ерке мендей шабағына.

Көңілді жүрейдік те кір бастырмай,  
Аяғын көре алмастың шалғастырғай.  
Шадыман шат көңілді мінезіңді,  
Тәңірім достарыма жалғастырғай.

## ДӘРІГЕР МЕН АҚЫН

Дәрігер:

Сыркатыңыз өкпеңізді қысыпты,  
Қан тамырың сол себептен ысыпты.  
Ішкен дәмің қан орнына қант болып,  
Барлық салмақ жүрегіңе түсіпті.

Ақын:

Алдыңызда ақ халатты асыл жан,  
"Кесел" десек дәрігерлерге бас ұрған.  
Екінші рет мені өмірге келтірсен,  
Ол қалыңда, күдіретіңді жасырман.

## ТҮНЕМЕЛ

Түрiмдi бұзды түнемел,

Түнiменен түнеген.

Өзiме де сол керек,

Қайта=қайта тiлеген.



### АҚЫНДЫҚТЫ ОИЛАСАМ

Кеткендер жоқ туа сала ақын боп,  
Ақындықты кудым әдейі мақұл боп.  
Шығарам деп жинағымды, атымды,  
Көргенім жоқ әлде кіммен жақын боп.

Шықпаса да қалың болып жинағым,  
Шықса екен нәрлі бір-ер шумағым.  
Шын ақындық оңай емес екен ғой,  
Сол шумаққа талай жанды қинадым.

Н А З

Көргенім жоқ ешкімнің де көмегін,  
Тигізбейді қаламгер де себебін,  
Ақынсымақ болып жүрген біреулер  
Айта алмайды "қолтықтадым, демедім".

Жазғаны сол маңдайыма жасымнан,  
Домбырамды қалдырмадым қасымнан.  
Аямадым бар сырымды досымнан,  
Алғаным жоқ қастың тілін бас ұрған.

### ӨТКЕН КҮНДІ ОМЛАСАМ

Елестесе Шомқарағай бауыры,  
Еске түсер еркежанның ауылы.  
Өтсе дағы жастық шақтың дәуірі,  
Басылмапты дертті жүрек дауылы.

Жастық жігер жалындаған кезінде,  
Ерік болмай қалмаушы еді есімде.  
Талай жылдар өтсе дағы айналып,  
Естелік тұр жанарында, көзінде.

ЖУРНАЛИСТ ДОСЫМА

Батыр бар қиындыққа баратұғын,  
Ақын бар сөзі топты жаратұғын.  
Мейлің сен ақын болма, батыр болма,  
Орның бар осы өмірден алатұғын.

ОНАШАДА

Десем де белгісі деп кәріліктің,  
Әуресті екен ғой бұл серіліктің.  
Оңаша отырсам да тыным таппай,  
Өрнеге, әр қиялға беріліппін.

ШАБЫТ

Кей кезде өлең шіркін жуымайды,  
Көңілім сондағы суымайды.

Кей уақыт қыран болып қалықтайды,  
Ақын ой шақырудан жалықпайды.

Бұл өлең терең ойдың түйініндей,  
Шешпесең сөйлер сөздің түйігіндей.  
Аузыңнан ә дегенде ағылмаса,  
Қаласың шыға алмаған биігіндей.

Аузыңнан сөз асылы шықса жайлап,  
Кетпей ме дөнең қызып қаның қайнап.  
Домбырам, қолыңдағы серік болып,  
Шабытты қуатыңа алсаң қайрап:

Күмбірлеп үнің шықса көкіректең,  
Күрмелмей берсе бір уақ тілің сайрап.  
Ақындық күдіретіңнің куәсі боп,  
Тыңдаушы бойы еріп болса айғақ.

Сөзінен буырқанған нәр шықпаса,  
Халқына ақындығын қалай жаймақ.  
Төкпе ақын бабы келге сәйгүліктей,  
Аттысқа дайынмын дер басын байлап.

ДӘРИЖАН ОТАСҚАН ОТЫЗ ЖЫЛ

Болғанда көңіл дарәя, талап таудай,  
Өлеңге қуштарлығым жүрер қалмай.  
Отыз жыл, құдашамен қосылғалы,  
Алған қол, бір айтысқан серттен таймай.

Сен мендік, мен сендік боп уағдаласқан,  
Еске алсақ, өткен күнді әуел бастан.  
Соғыстан елге келіп тірі қалған,  
Көз еді-ау халық жаңа көзін ашқан.

Солдаттың бар байлығы сүр шинелі,  
Сонымен жабатынбыз біз денені.  
"Қара тас, ұяқың келсе болар мамық"  
Байлықты іздемедік шіренгелі.

Отыз жыл, отыз күндей өте шықты,  
Бір минут аялдамас өмір мықты.  
Сәт сапар, семьяның сәніменен,  
Жүрдік біз туғып ұстап өмірлікті.

Адамда қартаймайтын жүрек екен.  
Мақсатпен алға қойған тілек екен.  
Белгісіз жастық шақтың өткендігін,  
Ер жеткен жас ұрпақтан біледі екен.

Күш-қуат әлде болса бойымда бар,  
Өткізер "алтын тойды" ойымда бар.  
Жетпіс бес "Наурыз тойы" болса болар,  
Болмаса бұл өмірге тойымда бар.

Сол кезде тоқсан тоғыз жасқа келіп,  
Жүресің кеудең тірі денең өліп.  
Немере, шөбереге өнерімді -  
Жарар ед соған дейін кетсем беріп.



## ДӘРІЖАН ЕЛУДЕ

Ерке Есіл, еркін Есіл, ағынды Есіл,  
Жағаң бай жағалауың жағымды Есіл.  
Менің де қайын жұртым сол Есілде,  
Есіме түсіреді сағымды Есіл.

Бір ауыл елу=алпыс үйі бар=ды.  
Той=<sup>дан</sup>дүна құда күтер күйі барды.  
Қара көз, қара торы құдаша үшін,  
Бұл құда сол ауылға жиі барды.

Құдаша жек көрмейді, күлімдейді,  
Аққайран қалай ауға ілінбейді?  
Оған да отыз үш жыл болып қапты=ау,  
Сүм жалған өткен өмір білінбейді.

Мінеки сол құдаша елу жаста,  
Түскен жоқ әзірінше қарттық басқа.  
Бұл дүние кейде байлық, кейде шайлық,  
Зор байлық денге саулық, ықласта.

Өмірдің еске аламыз кейбір кезін,  
Қуанам, құттықтаймын қара көзім.  
Ардақты жүзге келген ана болшы,  
Тағы да бір елу жыл етіп төзім.

Аққу күс жарасады сыңарымен,  
Нү орман жараспай ма шынарымен.  
Шынардай жайған тамыр қызығын көр,  
Аналық, езгуліктің құмарымен.

### БАЯЛҒА

Баялы қонақ қылып, құрмет еттің,  
Көкенді бірі демей қалың көптің.  
Өз көңілің сияқты дастарқаның,  
Қызығын көрдік шәймен семіз еттің.

Қабира да қосағың өзіңе тең,  
/Әркімнің болсын жары, көңілі кең/.  
Көптен бері кеңседе жатыр едім,  
Бір жасап ойнап-күліп алдың қой дем.

Жақсы ғой жолдастармен табысқаның,  
Дендерің сау, мол болсын табыстарың.  
Бала-шағаң, қосағың аман болып,  
Ер жетіп жігіт болсын Арыстаның.

## ШОПАҢДАР СЛЕТІНДЕ

Дегендей "малдың басы төлден өсер",  
Үлгілі жақсы шопан елден өсер.  
Татқан дәмі аузыңнан кетпейтұғын  
Қарыс май қырып алар шелден өсер.

Егізден тапсын ылғи қойларыңыз,  
Салт болды жылда осылай тойладыңыз.  
Қазақша "шопан ата" өздеріңіз:  
Қайырлы құтты болсын, тойларыңыз!

Бір кезде қойшы өмірі азап болған,  
Байларға, болыстарға мазақ болған.  
Сол қойшы еңіреумен жүргенінде,  
Тек қана Октябрьде азат болған.

Қазір де шопан аты үлгілі елге,  
Мендағы құрмет тұтам жүрген жерде..  
Иесі сол еңбектің төріміз де,  
Кеуде толы медаль мен ордендерге.

Инауат, білім де бар жолсыз емес,  
Жазда костюм, қысында тонсыз емес.  
Баққан қойы сүбелі болғаннан соң,  
Қойшылар өздері де қоңсыз емес.

Қозылар құнажындай марқасында,  
Аз сөзбен жетістікті сарқасың ба?  
Үстімдегі костюмім қойдың жүні,  
Шіренгенім қойшылар арқасында.

Салалы шаруашылық әр қияда,  
Шарықта, сілте құлаш, тарт қияға.  
Шадыман, шат көңілді дәуір берген,  
Көп рахмет Коммунистік партияға.

## ОННАН ОН БІР АРТЫҚ БОЛАР

Оныншы бесжылдықтың табыстары,  
Көкшені көкке өрлеткен дабыстары.  
Еңбекте ерлер ісі айқындалып,  
Жүлдемен аяқталды жарыстары.

Ақын да ыстық жүрек, ұшқыр сезім,  
Жетістік сабырлыққа бермес төзім.  
Әсерлеп аса сұлу сырламайық  
Айтайын бесжылдықтың кейбір кезін.

Көкшетау облысы болса да ірі,  
Совхозда шаруашылық әрбір түрі.  
Жүз он алты миллион сом таза ғана  
Қазақша - табыс, орысша - прибылы.

Салыстырсақ тоғызыншы бесжылдықпен,  
Көрсеткіш артық жатыр сүт пен еттен.  
Астықты жиырма бес миллион пұт асырдық та  
Бәйге алдық партия мен үкіметтен.

Он бірінші бесжылдық жылдың басы,  
Халықтың еңбекке ауған ықласы.  
Табыс кілтін тамаша сызып берген,  
Жиырма алтыншы партсъезд программасы.

Съездің қаулысы мен қолда қарар  
Орындалса адамзат бақыт табар.  
"Ақын елдің жаршысы" - деген сөз бар,  
Сенім мол, жақсылық іс, елге тарар.

Бесжылдық жаңа құрылыс, жаңа жарыс,  
Ер еңбекте бермейді қолдан намыс.  
Оннан он бір әрдайым артық болар,  
Тілеймін баршаңызға бақыт-табыс.

### ЗАВОДУХОВКА

Сібірдің қалың тайга жынысында  
Дем берген өмірімнің тынысына.  
Бір су бар, минералдық қоспасы мол,  
Табиғат таң қалдырған мұнысына.

Су қайнап жер астынан шығып жатыр,  
Натрий, калий, кальций, иод татыр.  
Дертіне дәру іздеп, осы судан,  
Көп халық барған екен тігіп шатыр.

Таңертең халық суға жиылады  
/Жатар орны кемірек қиын әлі/.  
Суға түссең көз жайнап, қуат артып,  
Ашы тер, өн бойыңнан құйылады.

Бой балқып, көңіл шалқып, дөнең еріп,  
Кеткендей су сиқырлап бойдан ерік.  
Ояладым артық па деп Минводыңнан,  
Себебі оларға да бардым көріп.

Бой сергіп, торлаған бұлт ашылғандай,  
Сырқаттың беті қайтып, басылғандай.  
Білдіріп көңіл күйін, өлең еттім,  
Шашу ғып ден саулыққа шашылғандай.



ОЗАТТАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ЖИЫНЫҢДА

Уа, бәйбіт, өмір, шат көңіл, заман нұрлы,  
Өмір нұрлы болғанда, өлең сырлы,  
Облыстық жиында басын қосқан  
Еңбекші ел, сізге арнадым өлең-жырды.

Еңбек десе сіздер ғой тайсалмаған,  
Араңда ешкім де жоқ қайсаңдаған.  
Еңбек пенен өзгерген Отанымыз,  
Өзгерген өзі дағы жайсаң далам.

Ы Леонид Ильич жазғанда тың дастанын,  
Көрсеткен туыстықтың ұласқанын.  
Тыңмен бірге тыңайған қазақ халқын  
Басқа ұлтпен қоян-қолтық ұнасқанын.

"Тың" деген, Бақыт тауы, байлық тауы  
Жүректің қиындықтан шайлықпауы.  
"Тың" кітабы дастан боп шыққан кезде  
Қазақтың аты аталған Көкшөтауы.

Озған бар жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар,  
Қыран бар, іс күтқармас бекпе сұңқар.  
Көкшенің атын алған ауданымыз,  
Жар салып жаңалыққа болған іңкәр.

Ал енді Чистополь мен Арықбалық,  
Табысы жария болды анықталып.  
Зеренді, Көллер менен Еңбекшілдер,  
Жігерін аямаған алып қалып.

Шучье, Володар мен Рузайым,  
Орындап жоспардағы ет пен майын.  
Қызылту, Қуйбышев пен Ленинград,  
Бұларда миллион тоннаастық дайын.

Жаңа аудан, ұлы Ленин атындағы,  
Шығарды жеңіспенен атын тағы.  
Жері бай, малы жайлы, шөбі сайлы,  
Келеді ілгері өрлеп атып таңы.

Чкалов, Красноармеец Уәлиханов,  
Жаңашыл әр с<sup>і</sup>іне құлақ қанық.  
Көкшені мекендеген он алты аудан  
Шаруасы көрген емес кейін қалып.

Жемісті жұмыстарың болсын жарқын,  
Еңбекпен өрлетейік Көкше даңқын.  
Тілейміз жаңа табыс, жаңа жарыс,  
Бүгіннен ертеңгі күн болсын айқын.

ЕЛІМЕ МЕНІН ЕЛУ ЖЫЛ

/Жамбыл ата ізімен/

Аярып қара түнекті,  
"Бақыт" деген гүл екті.  
Данышпан туып Лениндей,  
Қуантып зарлы жүректі.  
Тіреске қаш душпанның,  
Бойлары бір дір етті.  
Соңынан еріп көсемнің  
Жұмысшы-шаруа дүр етті.  
Қол басшысы болған соң  
Түрінді енді білекті.  
Үш басы бар қара құс  
Жұлыны түсті, күл етті.  
Үш ғасыр құрған патшалық,  
Романовтардың күні етті.  
Сонан бері тарихта  
Дәл елу бес жыл етті.  
Елеусіз жүрген ел едім,  
Есепті елдің бірі етті.  
Құлпыртып қазақ даласын  
Жаңа түрмен түлетті.  
Сол жеңісті желеу қып,  
Ақының бүгін жыр етті.

МОСКВА ОТАНЫМНЫҢ АСТАНАСЫ

/Орталық теледидарға шыққанда/

Москва – Отанымның астанасы,  
Қабыл ал, ақын жырын бастамасы.  
Жолдайды саған сәлем қазақ елі,  
Тың жердің, Көкшетаудың кәрі-жасы

Маған бұл жолдаманы елім берді,  
Жыр қылып жеткізсін деп сенім берді.  
Аралап биыл күзде Леонид Ильич,  
Даламның дархандығын өзі көрді.

Ол біздің диқандармен амандасты,  
Осындай қамқорлыққа көңіл тасты.  
Алдағы елу жылдық тойға арнап  
Қазақстан миллиардпен шашу шашты.

Әркезде республикам алғы шепте,  
Төкпейді диқандарым терін текке.  
Шешімін іске асырып Лартсыездің,  
Бұл күнде бүкіл халқым әр еңбекте.

Жұмылған өндіріске ықыласы,  
Шамшырақ, озаттар көп көштің басы.  
Ленин орденді Көкшетау обылысым "  
Астықтың, еттің, сүттің фабрикасы.

Көкшетауым мекені тоқсан ұлттың,  
Тетігі татулықта осы кілттің.

~~Крепанизм төріне жету үшін~~

Коммунизм төріне жету үшін  
Табысы арналада барлық жұрттың.

Серпілер серппесі тасып жырдың.  
Шарасы сапырылар асылсырдың.  
Уа, халқым, құтты болсын, қарсы аламыз,  
Елу жасын алдағы СССР-дің.

ЖАМБЫЛДЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫ ҮСТІНДЕ

I

Алматым, Алатауым асқар белім,  
Оранған гүл=бақшаға барлық жерің.  
Ғылым, білім – бәрі де бір өзінде,  
Шығып жатыр мыңдаған өрендерің.

Атақты бұл=бұл көмей әншілерің,  
Таңқалтқан тамсандырып көрерменін.  
Жамбыл қарттың ұрпағы ақын=жыршы,  
Халқынан аямайды өнерлерін.

Ел ісін, ердің күшін жырға қосып,  
Тауып жүр тамаша етіп теңеулерін.  
Болжаған болашағын қазақтардың,  
Данышпан Ленин еді кемеңгерім.

Біз болсақ Көкшетаудың тыңындамыз,  
Үйілген алтын дәннің шыңындамыз.  
Жәкең тойы үстінде айтысуға –  
Дайынбыз көксемсердей қынындамыз.

Тілге тиек табысты тарта аламыз,  
Және де ер еңбегін айта аламыз.  
Топ алдында күресіп белдескенде,  
Кімдер күшті, кім осал байқалармыз.

Табиғат толы байлық жерімізден,  
Көп ұлтты еңбек сүйген еріміздей.  
Ардақты астананың тұрғындары –  
Мың сәлем арқадағы елімізден.

П.

Домбырасын сөрік қып,  
Өткізді Жамбыл ғасырды.  
Пеш етіп жер жүзіне  
Қазақтың даңқын асырды.  
Жыр алыбы атанған  
Ұмытпаймын асылды.  
Тойлауға көлдік алыстан  
Жүз жиырма бес жасыңды.  
Ұрпағыңның бірімін,  
Иемін саған басымды.

Ш.

Жетпіс жыл тар қапаста босқа кетті  
Жігіттік желкілдеген қоса өтті.  
Сол кезде би-манап заманында  
Тыңдаушы көпшілік жұрт қостап өтті.

Жалғыз ат, жолаушыға болып пана,  
Тыңдаса таң калатын шексіз дала.  
Болмаса жазу, сызу, сауаты жоқ  
Қалайша біткен дарын, неткен дана?

Жасарып қайта туып, Жамбыл қартың,  
Қарсы алды Октябрьдің салтанатын.  
Жырлады партияны, туған елді  
Көтеріп ту ғып ұстай адам атын.

Әлемге қарт жыршының даңқы кетті,  
Әр елдің сәлем айтқан хаты кепті.  
Поэзия достары атой салып,  
Сүйікті Қазақстан қарты депті.

Аз жылда неткен шабыт, жиналған күш,  
Атақты әлермей ме сыйланған іс.  
Төріне Кремльдің кілем төсеп  
Орден тақты Михаил Иванович.

Кәріге картаймайтын жүрек берген,  
Сөйлерге сөз, тіліне тірек берген.  
Арқасы Компартия данамыздың  
Ақынға Октябрьге жүдеп келген.

Біз естік жаңа заман бесігінде,  
Байлардың көргеміз жоқ есігін де.  
Советтің мектебінен білім алдық,  
Шырқаймыз шаттық жырын осы күнде.

Біздің жыр, Коммунистік Отан жыры,  
Космос пен техника, ғылым сыры.  
Осы той тарқаса да естен кетпес  
Біз үшін, Жәкең жыры мәңгі тірі.

Жәкеңнің жырына біз жалғасамыз,  
деп еді, асыл сөздер жыр қашаңыз".  
Атасы ақындардың Жамбыл баба,  
Адамзат өмірімен бір жасаңыз.



## ҚҰТТЫҚТАУ

Ұлы тойдың алдында  
Құттықтаймын ағаны.  
Халықтан алған бағаны,  
Ағаға теңдес жеңгені,  
Еліме үлгі еңбегі:  
Қарындас пен ініні,  
Бірдей еңбек білімі,  
Әсіресе жастарды,  
Жас та болса бастарды  
Техниканы меңгерген,  
Игерген жер мен аспанды.  
Көріп жүрміз көзбенен,  
Ілгері қадам басқанды.  
Әрқайсысының еңбегі,  
Жазбсаң болар дастанды.  
Қай уақытта жас ұрпақ  
Қиындықтан жасқанды.  
Беріле жеңіп бәрінде  
Өндірісті басқарды.

## КАВКАЗ КУРОРТЫНДА

Кетеді осындайда көңілің толып,  
Әр жерді көргеннен соң көзбен шолып.  
Кітаптан оқитұғын едім Кавказ  
Жатырмын курортында қонақ болып.

Мұндайда бітеді екен жерге көрік,  
Тауларын әртүрлі ағаш түр көмкеріп.  
Сылдырап аққан бұлақ таудан құлап,  
Күмістей жалтылдайды сәулеленіп.

Орнаған тау басында шалқар көлі,  
Суы бал, дертке шипа самал желі.  
Бұл суды "шипа" су деп атайды екен,  
Тұрғыны Кавказдағы таудың елі.

Салынған тау басында үлкенің сарай,  
Серуендер күнде халық соған қарай.  
Бас қосып әрбір ұлттың жігіті мен  
Мәжіліс өткіздік қой бізде талай.

Сақталар осы көркің көрмесемде,  
Келсемде енді қайтып келмесемде.  
Аз өлең сізге тарту сұлу Кавказ,  
Үлкенге бұдан құлаш сермесемде.

ОМЫДА БОЛҒАНЫМДА

Ертеден Көкшемменен қоныстассың,  
Тың игерсе бірлесіп қол ұстастың.  
Атағың қатарынан жер жарады  
Енді қалай қуанып толыспасын.

"Жұмақ" дейді Көкшені жерін көрген,  
"Шын алыптар осы" -дер ерін көрген.  
Жуырда Брежнев, Қонаевпен  
Аралап алтын дәннің сөлін көрген.

Сол келген лениншіл басшыларға  
Міндетті орындауға сенім бергем.  
Жолда қалар жоспар жоқ, халқым салты -  
Әрқашан ауыр істі жеңіл көрген.

Көп ұлтты совет халқы жаңа түрде,  
Олар ортақ өсірген, еккен гүлге.  
Көкшенің көкке өрлеген астығында  
Сан ұлттың өкілдері болды бірге.

Бірлестік шыңдалады жылдан жылға,  
Түскенде мызғымаған талай сынға.  
Достық пен туыстықтың нышаны көп,  
Біз өскен, біз игерген осы тыңда.

## ТОЙ БАСТАР

Той бастар біздің жаңаша  
Жаңа дәстүр тамаша.  
Жиынның сәні келерме  
Той бастар, жүрмей жанаса.  
Ақын сөзді таппай ма  
Қауым құптай қаласа.  
Ақыл=кеңес, нәрлі сөз  
Шымырлап бойға тараса.  
Сөз сарайы ашылсын  
Екі жасқа отырған.  
Қос аққудай жараса  
Бос сөз емес, дос сөздей  
Мұра деп асыл санаса.  
Өмірдің жолдамасындай  
Қабыл алып қараса.  
Өмірге қанат қақтыңдар  
Қауырсын қатты, балауса  
Семья сәні - ынтымақ  
Үстаңдар биік жалауша  
Мен=мендік деген жат болып  
мінезің болсын аласа.  
Қуанамыз біз дағы  
Советтік жас семья  
Үлгілі деп қараса!

II.

Арнайы сөз жастарға  
Бірлесіп қадам басқанда  
Отау үйдің есігін  
Айқара жастар ашқанда  
Аттары болып әйгілі  
Шарықтасын аспанда  
Үстасқан қол, алған серт,  
Берік болсын, тастанда  
Бір шаңырақ қосылды  
Ортамызға жастанда  
Жаңа дәстүр - жаңаша  
Осы тойдан асқан той  
Халқым сірә асқанба?

III

Боғындар сығлы халқыңа  
Ата-ана қартыңа.  
Мінезің мен жағындар  
Үлкен-кіші жалпыға.  
Ақылға салмай аптықпа  
Көз сал істің артына.  
Алдыңа келсе айырық  
Жүрседі жөнсіз жапырып  
Көрсетіп мінез тарпыма  
Ұлық болсаң, кішік бол  
Аз нәрсеге шалқыма.  
Жастық мінез, жаңған от  
Күйдіріп босқа шарпыма.  
Бас қосқан қауым куә бол  
Тапсырған істің шартына!

IУ

Ардақтасаң атаны  
Әлпештесең ананы  
Жігіттің болмас жаманы  
Сендерге берген ата-ана  
Ақыл, оя, білім сананы  
Есіне алмас есіріп  
Адамның ғана наданы.  
Ақылды туган ұл мен қыз  
Мінезіменен жағады.  
Ақылсыз туган ұл мен қыз  
Ұлғайтып сөзді бағады.  
Нәрсіз сөзден, зәрлі у боп  
Жыландай кейін шағады.  
Ұят бар жерде білім бар  
Ұялсаңдар үлкеннен  
Бақ, дәулет сені табады.  
Ұяттыда айтайық  
Солай ғой демей заманы  
Ар-ұяты ұласқан  
Біз Советтің адамы!

У

Екі жақсы қосылса  
Үйің толған нұр болар.  
Татулықтан таймасаң  
Өнеге етер жыр болар.  
Кинодай өмір тез өтпес  
Жазығы болар, қыр болар.  
Қандай өмір кешсеңде  
Ерлі-зайып, бір болар.

Өрнек салсаң өмірге  
Сыдырылмас сыр болар  
Тәрбиелі ұл мен қыз  
Ата-анаға қуаныш  
Көңіліне тұр болар.

УІ

Ата-ананың тілегі  
Бала өмірдің тірегі.  
Қан менен тамыр жүрегі  
Өмірінің жалғасы.  
Ұшырар баптап түлегі  
Ер жетуін солардың  
Күндіз түні тіледі  
Жер жүзінде ата-ана  
Бұл жағдайды біледі.

УП

Таза сақтап өсірген  
Қатесі болса кешірген  
Балғын шағы баланың  
Бұлардың кетпес есінен  
Бүгінгі сәтті сапары  
Ықласпен шешілген  
Ақыныңнан ақ бата  
Толыңда бүгін көсілген

УШ

Уа, екі жас, екі жас  
Ізгі тілек ықылас  
Бақыт қонсын басыңа  
Өмірде бақытты болың

Өмір бойы арылмас  
Өкпе берсін қабынбас  
Жүрек берсін жарылмас  
Мінез берсін тарынбас  
Денсаулық берсін табылмас  
Бейбітшілік күн берсін  
Бір-біріңді сағынбас  
Жапырақсыз ағаш жараспас  
Мезгілді уақыт болғанды  
Молая берсін мал мен бас  
Ақ тілекке қосылсын  
Осы отырған кәрі жас!

IX

Осы тойда отырған  
Жасы үлкен аға бар  
Еңбегін елім бағалар  
Ағаға серік жеңге бар  
Жеңгесіз күн кемге бар  
Ел басқарған дана бар  
Әділ болса пана бар  
Нешік түрлі маман бар  
Папаңда бар мамаң бар  
Жездеңде бар, апаң бар  
Қабағын түйсе қатаң бар  
Балдызың бар, інің бар  
Інісіз қандай күнің бар.  
Қарындасың, құрбың бар  
Сәл салтанат құрдыңдар



Жасы мосқал кәрі бар  
Туыс=туған бәрі бар.  
Ұмытпаңдар ақынды  
Сөзінің болса, нәрі бар  
Барлығына бір сәлем  
Ақындардан жыр сәлем  
Екі жасқа жарасқан  
Аралап міне жүр сәлм<sup>е</sup>  
Осындай күнге жеткізген  
Отаныма мың сәлем!

х х х

Сәлем алып керілдік  
Көңіл тасып серілдік.  
Екі жасқа арнаған  
Болатын шығар көрімдік

ОРАЗ АҒАИҒА

Мекені Суыр атанған  
Орнаттың совхоз далаға.  
"Авангардтай" совхозға  
Болдым таныс жаңада  
Есіміңізді біледі  
Ауылда жер де, қала да.

## СТУДЕНТ БАЛАЛАРҒА

Балалар, сөз сөйлейін сендерге арнап,  
Қалыңдар жас күніңде білім қамап.  
Ақ қайраң – суда жүзген білім балық,  
Ұстайтын сол балықты оқу қармақ.

Қасықпен ішетұғын асың емес,  
Байқасаң білім жолы талай тармақ.  
Күр оқып, тоқымасаң ыждаһатпен, ~~Мақса~~  
Мақсатсыз өткізген күн қайда бармақ?

Ақылмен әр ісіңді ойламасаң,  
Батылдық көз шығарып, басты жармақ.  
Білімсіз өткізіп ай жастық шақты,  
Жігіттер азба қазір жүрген ~~Барлап~~.

Кинодай өмір деген тез өтпейді  
Ой тастап келешекке барсаң барлап.  
Кейбіреу білімі жоқ, көңілі тоқ,  
Мен=менсіп, көкірек керіп дараланбақ.

Өмірде ондайларға жүру қиын,  
Оқ тиіп кеудесіни жараланбақ.

Алматы астанамыз үлкен қала,  
Жемісі алма=мейіз емес қана.  
Ордасы өнер=білім ғалымдардың,  
Өсірген өздері өскен талай дана.

Білімнің жемісінен тату үшін,  
Жиналған өздеріндегі мақсан бала.  
Жалғасы адамзаттың бала болса,  
Бала-ар, бала - байлық, ата-анаға.

Жүрсіндер астанада алып білім,  
Өнер - жас, өнер - өмір, өнер- ғылым.  
Аңсауда ата-анаң, асығуда,  
Біз қашан "тереміз" деп өмір гүлін.

БЕЛСЕМІТ АҒАҒА

Сал аға, асыл аға, ардақты аға,  
Өнерлі, әнші-ақын, салмақты аға.  
Алдымда асқар таудай арыстаным,  
Ініңнің көңілінен қалмапты аға.

Құрбыңнан жүрдің бір кез асып аға,  
Көудесін білместердің басып аға.  
Тағдырдың тәлкебіне шыдай алмай,  
Тілегім қала көрме жасып аға.

"Болат бол деседі екен болған іске"  
Келер ме біздің қолдан салсақ күшке.  
Ұшыпты қолыңыздан қаржыңыз,  
Мезгілсіз, қапияда, өң мен түсте.

Жастары ағайынның ұл мен қызың,  
Тағдырдың кімге болсын құрығы ұзын.  
Кетерміз ата-баба ізіменен,  
Өмірдің жей тұрайық нан мен тұзын.

Жетпісте жасып қалмай желпіне түс,  
Кешегі елу жастың келпіне түс.  
Келгенде інілерің сәлем бере,  
Серілік, салдығыңның көркіне түс.

ҚАЙРАН СЫЗДЫ, ҚАЙНАҒАМ

Қайран Сыздық қайнағам,  
Жігіттің гүлі ед жайнаған.  
Күміс көмей, жез таңдай,  
Бұлбұл еді сайраған.  
Өткірлігі сабаздың,  
Алмас еді қайраған.  
Берік еді сөзіне  
Екі сөйлеп таймаған.  
Еңбектерін еске алып,  
Парткомға талай сайлаған.  
Зарлатып айтып "Зәурешті"  
Жері жоқ-ты жаймаған.  
Ойын-тойдың сәні еді,  
Енді қайдан табармын.  
Енді сендей қайда адам,  
Қайран Сыздық қайнағам.

Елес беріп өңімде,  
Ұйықтасам түсімде.  
Қиылған қасы, қой көзі,  
Тірліктегі пішінде.  
Осы Сыздық қайтқалы  
Өнбей қойды ісімде.  
Көз алдымнан кетпейді  
Жүреді ылғи ішімде.

### ҚАЗИ АҒА АЛПЫСТА

Алпыста ақыл дария, ойың асқар,  
Бойда бар, қуат-жігер алға бастар.  
Айтар ем "боз=бала" деп аға шәсізді  
Тек қана нысаналы "боздау" шаш бар.

Алпысқа алқынбастан аяқ басқан,  
Жазса егер, сіздің өмір болар дастан.  
Дүниеге Октябрьмен бірге туып,  
Советтік құрылыспен қалыптасқан.

Адамға төрсе жетер өмір гүлі,  
Бақ берсін, балаларға жүрген тірі.  
Тілегім, Шәрбан апай аман болып,  
Болыңыз жүз жастағы қарттың бірі.

Қайырлы, құтты болсын алпыс жасың,  
Көрсеттім көңілімнің ықыласын.  
~~Ақ көңіл, ақын жанды Қази аға -~~  
Ақ көңіл, ақын жанды Қази аға -  
Сыяладым Жамбыл ата домбырасын.

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ ОРДЕНІН ТАҚҚАН ЕЛІМ

Отыңның көтеріңкі болса желі,  
Ондайда шалқып тасыр көңіл селі.  
Ұлы Октябрь орденін тақты міне,  
Елу жаста Советтік қазақ елі.

Туысқандық - мызғымайтын қаруымыз,  
Достыққа құлаш ашқан қазақ жері.  
Еңбегі ерлерімнің ерлік дастан,  
Бәрі де Отанымның жүлдегері.

Тоғызыншы бесжылдық басталғалы,  
Сенім мол жеңістерге бастар тағы.  
Ер еңбегі гүлденіп шешек атқан,  
Жайқалған коммунизм - достар бағы.



БАЖАҒА (Әңез Әткеевке)

Елу жас ер жігітке белеспен тең,  
Жауындай қас батырдың егеске тең.  
Жырлаған талай ақын жиырма бесті,  
Ол бірақ құмда көрген елеспен тең.

Мінекей келдің бүгін елу жасқа,  
Қадірмен жолдас=жора, қарындасқа.  
Таза арым, шыбын жаным қуанады,  
Ардақты, асқар белім, жаным басқа.

Оқуға жас күніңде болдың зерек,  
Біліммен тағайынды таттың дерек.  
Ақылшым, "идеалым" ақын жанды,  
Үл=қызға "сендей бол" деп айту керек.

Солдаты партияның жалықпаған,  
Қиындық көрсе де әсте тарықпаған.  
Кеудеде үш орден бар қадап алған,  
Бұлдағы ерлік істі анықтаған.

## МӘРИЯШ КЕЛІН ТҮСКЕНДЕ

Қуаныш көкірегіме ұялады,  
Қонғандай бақыт басқа қиядағы.  
Жүрегім жулқынады=бұлқынады.  
Кеудеме бүгін қалай сия алады.

Балалар сендер менің жүрегімсің,  
Өмірде мақсатымсың, тілегімсің.  
Арымсың, арманымсың аңсап көрген,  
Көңілімнің күмбөзінің тірегісің.

Сен маған келін емес бала болшы,  
Жетілтіп біліміңді дана болшы.  
Егерде дүниеден өтіп кетсем,  
Кейінгі балаларға пана болшы.

Аядархан папаң сенің досым еді,  
Өруақыт көңілімнің қолы еді.  
Екі әкең – екі анаң ықласпен,  
Еркін мен екеуіңді қосып еді.

Татулық мызғымайтын шартың болсын,  
Ізгілік қолдан келсе салтың болсын.  
Халқыңның қадірменді бір қызы бол,  
Көңілің әрқашанда жарқын болсын.

### АЛПЫС ЖАСТЫҢ АҒЫНЫ

Алпыстың келіп тұрмын асуына  
Болмайды "қартайдым" деп жасуыма.  
Өмірдің өткенінен, қалғаны аз  
Сондықтан тура келет асығуға.  
Халқыма халыи=қадыр қызмет еттім  
Көңілдің буда себеп тасуына  
Шат көңіл, бейбіт өмір бұл заманда  
Өлі ерте кәрілікке бас ұруға

Көдік біз соғыс өртін жалындаған  
Қамал жоқ, халқым барда алынбаған  
Айырлып бала әкеден, әке ұлдан  
Соғыстың өртіне кім шалыббаған.

Граммдап жеген асың қорек болмай  
Біреуден біреу жүрді ерек болмай.  
Қиындық көрсектағы "Отан" – десе  
Қалатын басқа дүние керек болмай.

Соғыстың көрдік көзбен ұрысында  
Көрдік біз шын достықтың құрышында  
Төрт=бес жыл соғыш үшін босқа кетті  
Қалдығой бір блиндаж бұрышында.

Қырық жыл бейбіт өмір орнағалы  
30 жыл тың дастанын толғағалы.  
Не қажет адамзатқа бұл өмірде  
Бәрі де болыш тұрат болмағаны.

Бұл өмір жайған кезде кең құлашын  
Көргенде достық, бірлік ықыласын.  
Табиғат таймайтұйын өз заңнан  
Жетелеп алып келді алпыс жасын.

Келген соң дүниеге жарық көріп  
Жыр менен сан жиынға бердік көрік.  
Ақынның қолға ұстадық алтын туын  
Білмесек, білгендердің соңына еріп

Өзімді кіші ұстадым басқалардан  
Мен-менсіп аттамадым бастағы ардан.  
Біле тұра - білмедім таласпадым  
Өлеңім шықпаса да баспалардан.

Ел-жұртым, әділ қазы баға бөреді  
Інілер мені сыйлап аға көреді.  
Жеткізсем жырым менен кітапсыз-ақ  
Еліме, ерлеріме жаға бөреді.

Екпінім, үдей соққан дауылдай-ақ,  
Құйылар жырым жауған жауынданақ.  
Арманым Алатаудай болмасам да  
Көкшенің болсам болды тауындай-ақ.

Өмірден әлдіде көп алар хақым  
Жіберсе ~~саған~~ денсаулық қылмай зақым.  
Өзегі өлеңімнің өзіме тән  
Еңбекке, ғылым емес болдым жақын.

Сөзі ән, еңбегі дән, өмірі сән  
Көтерсем көкке өрлетіп ерлер даңқын.  
Паш етіп, елдің ісін, ерлер күшін  
Еңбекте болса екен деп жүзі жарқын.  
Жыршыңмын өлгенімше өзгермейтін,  
Осыған сеніңіздер, тексі жалпың!

## КЕНЕН ТОЙЫНА ТОЛҒАУ

Отырмын бүгін толқып ой үстінде  
Шырқайын Кенекемнің тойы үстінде  
Шырқамай не болыпты, тйрғанында  
Боз торғай жұмыртқалап қой үстінде.

Тыңдаған Кенен әнін халқым сүйіп  
Ұсынған қолым жетпес сіз бір биік.  
Жүз жылдық тойыңызды тойлау үшін  
Көкшеден келдім сізге басынды иіп.

Өзің жоқ өлмейтұғын сөзің қалды,  
Артыңда балаларың көзің қалды.  
Бір мен емес, адамға ақын жанды  
Бейнеңіз өлмейтұғын сезім қалды.

Жасында көк шолақпен қойда баққан  
Халқына он жасында әнмен жаққан.  
Қажымай мұқтаздыққа қайсарлықпен,  
Қарсы алған Октябрьдің таңын атқан.

Октябрь Кенекеңді мәпеледі  
Еліне ақын бақыт әкеледі.  
Жеткізді Октябрьге жырыменен  
Бай манап жәбірлеген әкелерді.

Жеткізді қазақ халқы даналығын  
Байлардың ниетінің қаралығын.  
Жеткізді бүкіл қазақ қауымына  
Советтің жарлыларға паналығын.

Бірімін таңқалғанда, тамсанғанда  
Кенекен жүрек қозғап ән салғанда.  
Тек қана ақын емес, ел ағасы,  
Арайын Октябрьдің қарсы алғанда.

Бастығы ревкомның Қордайдағы  
Сияқты Амангелді Торғайдағы.  
Әрі ақын, әрі әнші, әрі батыр,  
Сан ақын алда талай толғайды әлі

"Қордайы", "Мәтібұлақ" "Ой жайлауы"  
Жүректі тебірентер сөз сайлауы.  
Жүрседе сабау қамшы, салт атты боп  
Бір дастан Мартай қызбен сөз байлауы.

Кенекен әні алтын, сөзі жарқын  
Көтерген әммен жырмен қазақ халқын.  
Тоқсанға келгенінше тоқтамаған  
Япырмай неткен жүйрік, неткен қарқын.

Жетісу қазағымның "Жерұйығы"  
Кенекен сөз зергері, ән биігі.  
Атанған он жасында "әнші бала"  
Қыраны алатаудың ақиығы.

Уақыт айлап, жылдап, ғасыр өтер,  
Дүниеден жасықта өтер, асылда өтер.  
Өлмейтін Кенекеннің ән мен жыры  
Халқымен ғасырларды басып өтерә

ТЫҢ ӨЛКЕСІ

Ондаған ұлт алыстан  
Бауыр басып табықан.  
Тың майданы болғанда  
Он жыл өтпей соғыстан  
Өмірімен - жүректің  
Жеріме келіп тағықан.  
Бір әкеден туғандай  
Біріне-бірі болықан.  
Жігіт пен қыз үндесіп  
Осы тыңда табықан  
Тоқсан ұлттың мекені  
Қазақстан - гүлстан  
Шыққан күндегі шығыстан  
Тыңгерлердің мекені  
Атанып отыр "Тыңстан".

II

Ал, тың деген міне қандайды  
Көрмегендер нанбайды.  
Ақ бораннан қаймықпай  
Айқара ашып маңдайды  
Соғыстағы солдаттай  
А Ешкімге болмай жан қайғы  
Ақ палатка, көк вагон,  
Өзі ақ айтқан жағдайды  
Қыран түссе бабына  
Биікке қарай самғайды  
Жетілсе топшы талмайды  
Алғашқы шақта - комсомол



Алғы шепте - комсомол  
Бұрын да көрген сондайды.  
Шыңдай болат темірдей  
Өмір соғып сомдайды.  
Зейнет үшін бейнетті  
Жеңбейінше болмайды.  
Бірен-саран қорқақтар  
Күлкі болды оңбайды.  
Халқым менен партия  
Шын ерлерді қолдайды.  
Ардагерді ардақтап  
Еңбегін елім қолдайды.

Ш

Сіздер алғаш келгенде  
Кездесіп бұрын елден де  
Қарт атамыз қарсы алып  
Шәй-суанын берген-ді.  
Елге келген "ырыс" деп  
Көтерген қазан жеңгемде.  
"Алмайтын қамал болмас" - деп  
Ерлерге өңшең сенгенді.  
Тоқсан ұлтым тоғысып  
Алтын астық бергенде.  
Қиындықтан қаймықпай  
Асамыз талай бөлден де  
Фашистерді талқандап  
Оны да халқым жеңген-ді.  
Туыстық, достық, бірлестік  
Болмаған ешбір білместік.  
Тыңгер  
Тыңгерге кімдер тең келді!

- 80 -  
ЖЕҢІС ЖЫРЫ

Советтік өмір салты саясында  
Қуанып құлақты кең жаясыңда  
Өн бойың, өрнектелген өлең болса  
Халқынан ақын сөзін аясынба.

Бір кезде соғыс өрті жалындады  
Ешкімге совет халқы жалынбады.  
Қырық жыл өте шықты содан бері  
Қас жаудың тізе бүгіп бағынғалы.

Қырық жыл бейбіт өмір орнағалы  
Бұл басып Отанымды торламады.  
Орнату жер жүзіне бейбітшілік  
Осы ту біздің елдің қорғамағы.

Мейрамға қырық жылдық ұлы жеңіс  
Майдангерлер еңбекте тапқан жеміс.  
Шат көңіл, бейбіт өмір, отан тыныш  
Жұмылған ер еңбекке халқым тегіс.

Толғансын ақын жырласын  
Ұлы Жеңіс күнінде.  
Жас шағымнан құмар ем  
Өлең деген "ілімге".

Сөзіме құлақ салыңдар  
Ағаларым, інімде  
Армияға алындық  
Сұрапыл соғыс күнінде.

Партия ұран тастаған  
"Жеңеміз деп түбінде"  
Сол кездегі азамат  
Нағыз батыр өздерің  
Өлгенінде, тірінде.  
Ел сенімін ақтаған  
Ер намысын сақтаған  
Сол майданда жүргінде  
Домбырамды қолға алып  
Ерлер ісін мақтағам.  
Ақын=ақын бола ма  
Ондайда сөз таппаған.  
Полктарда жыр аятып  
Тыныш ұйықтайп жатпағам.  
Құрбы солдат қадірлей  
Командирлер мақтаған.  
Қырық жылдық бұл тойда  
"Кәрі солдат жырла" - деп  
Сөзді берді тап маған.

Елде көрдік өгілген  
Еңіреп ана "ботам" деп  
Арыстаным=асылым  
Жас баспаған "жотам" деп.  
Соғыста көрдік соларды  
"Уралаған" "Отан" деп

Атойлаған "елім" деп  
Советтік туған жерім деп.

Ең сұраған фашисті  
Қатырған өмір

Қан сұраған фашисті  
Қатырған жерге желімдеп  
"Артымызда Москва"  
Шегінбейміз бір қадам  
болсада байтақ жерім көп"  
Ұран салған осылай  
Жиырма сегіз батырды  
Кім айтпайды өрім деп.

Ерлікті көрдік көзбенен  
Жеткізу қиын сөзбенен.  
Мергенді көрдік іздеген  
Сұлатқан жауын көздеген.

Жеті жасар - жас бала  
Жетпіс жасар - қария  
Соғыстың сойқан екенін  
Жан бар<sup>на</sup>уөді сезбеген.  
Қырық жыл міне өтседе,  
Ананы көрдік аңыраған  
"Өлді" деп ұлын безбеген  
Рейген деген президент  
Соғысты ойлай көздеген.  
Біз советтің халқымыз  
Қорқытуға төзбеген.

Қырық жылдық Жеңістің  
Көзбен көрдік асуын  
Бейбіт өмір, еңбекпен  
Ілгері қадам басуын.

Жасасын достық, бірлестік  
Көңілдің көрмей жасуын.

## БІРЖАН САЛДЫН ТОЙЫНА

Бүгінгі ел жиналған Біржан тойы  
Шаттыққа бөлеп отыр Көкше бойын.  
Үш жүзді "ән мен қырған" сал ақынның  
Арналды өз еліне ақыл-ойы.

Келтірген осы тойдың салтанатын  
Сал Біржан сөзі бізге лағыл-алтын.  
Жүз елу жасқа толған ақын тойы  
Қайырлы-құтты болсын, асыл халқым.

Теңелген Біржан сөзі тиген оққа,  
Асауды жуасытқан салып ноқта.  
Көкшетау қандай күйде болды екен,  
Бір кезде, Ақан, Ыбырай, Біржан жоқта.

Үн қосқан аспандағы аққу, қазбен,  
Сөз айтқан сұлуларға өрке назбен.  
Сол кезде, Көкше қандай көрікті екен,  
Біржандай үздік шыққан өнерпазбен.

*ойқастай*  
~~Айқастай~~ асау тұлпар арынымен,  
Саңқылдап самұрықтың сарынымен.  
Төңкеріп тоқсан түрлі әніменен,  
Табиғат берген өзі дарынымен.

Кигені кәмшат бөрік, торғын шапан,  
Айтыста жүзі сұлу, сөзі қатаң.

Ежелден атағыңды шығаруға,  
Ер Көкшем, дұрыс болған берген батаң.

Біреу бек біреу батыр, біреу шешен,  
Кей адам ел басқарып болған көсем.  
Өткенді білгің келсе білдіретін,  
Жаңылман Біржандардың сөзі десем.

"Ел жаңа елу жылда - - дейді халық,  
"Өмірді ұмытпа" - деп еске салып.  
Әр дайым Біржан сөзін естігенде,  
Көңілдің тұманына түсер жарық.  
Именбей болыстардан басын иіп  
Шырқаған шар жиында топты жарып.  
Қолқасын қорқаулардың үзгендей ғып,  
Қаймықпас неткен дарын, неткен алып.

Өмірден өтер, келер талай дарын,  
Біржан деп айта алмаспыз соның бәрін.  
Халықпен бірге жасар мұрасы бар,  
Жеткізген елдің зарын, адам арын.

Нұр жауған табиғаттан талабына,  
Қуанған қара халық қадамына.  
Ақынның мүшел тойы болмас еді,  
Кешегі би-болыстың заманында.

Тар заман қадасында өткен бұлбұл,  
Әр әні жаңа өмірде өскен бір гүл.  
Көкше түгіл әлемді таңырқатып,  
Біржанның ұрпақтары шырқатып жүр.

Той=тойлап қуанса егер Көкшөм бүгін,  
Өмірдің еске алып көшкен жүгін  
Біржекем өз көзімен көрермеді,  
Дарындар - ізбасарлар өскендігің.

Ақынды ардақтаса қазақ халқы  
Біржан сал жаңа өмірде емес жалқы.  
Советтік жаңа дәуір заманында,  
Жыр толғап ән шырқайтын болды салты.

Асыл жыр, сұлу әндер көңілімізде  
Шат тұрмыс, кемістік жоқ өмірімізде,  
Заманның кемеңгері Леонид Ильич,  
"Дән болса - ән болады" - деген бізге.

Өлшеңген миллиардпен дәнімізде,  
Мол табыс түгел ортақ бәрімізге.  
Ғасырдан=ғасыр асып кетседағы,  
Сән берер Біржан үні әнімізге.

Өмірдің өтседағы талай кезі,  
Тарихта ескірмейді Біржан сөзі.  
Елімен өмір бақи бірге жасар,  
Әрқашан Біржан сөзі - халық көзі.



ШОҚАН ТОЛҒА

Толғау

Ал, ақын көсілетін келді кезің,  
Шарықтап аспандасын үшқыр сөзім.  
Бұлыңғыр, өткен өмір Шоқан көрген,  
Біз болсақ көргеміз жоқ ол бір кезін.  
Оқысақ шежіресін замананың,  
Басыпты қараңғылық күннің көзін.  
Қара жер қиянатқа қайысыпты,  
Ер халық бұғандағы өткен төзім.  
Ауада адамзаттың аңсағаны  
Білуі-ед адаммен деп адам өзін.  
Танытқан бар әлемге қазақ ұлтын,  
Бұл күнде кім ұмытар Шоқан сөзін.

Ол кезде арқаласақ өмір жүгін,  
Бұл күнде кім тыңдамас қазақ үнін.  
Ол күнде Шоқан ғалым біреу еді,  
Бұл күнде біз атаймыз жүзін, мыңын.  
Сонда да Шоқанымның орны бөлек,  
Жеткізген тар қапаста өнер білім.  
Ғылымға ең бірінші қадам басты,  
Қазағым ұмытпайды асыл ұлын.  
Біржарым ғасыр етті туғаныңа,  
Сол үшін төгіп отыр ақын жырын,  
Көкшеде асқақтап тұр ескерткішің,  
Әр сөзім тұғырыңа қойған гүлім.

"Қырғыз -қайсақ" емеспіз, "Қазақ" - деген,  
Болмасын бұдан былай мазақ деген.  
Ұстаздары Шоқанның зиялылар,  
Бәрі де ескі өмірде азап көрген.  
Аңсаған бостандық пен адамдықты.  
Үяреткен әр адамға адалдықты  
Семенов, Достоевский, Потаниндер,  
Шоқанға беріп еді қадам мықты.  
Қазақ, орыс, басқа ұлттың өкілдері,  
Достықты сонау сұрғылт заманда ұқты.  
Жасынан оза шапты атып жалын,  
Атанды жарық жұлдыз Шоқан дарын.  
Жас ғалым Отызында опат болды,  
Бере алмай бар өнерін, бойда барын.  
Бір арман елуге де келмегені,  
Бергеннен, көп еді ғой бермегені.  
Ішпеген мейір қанып сусындай-ақ.  
Ғылымнан басылмады-ау шөлдегені.

Қиянатқа шыдамай әділ жүрек,  
Мұң басып көңілі азып кеткен жүдеп,  
Генерал Черняевтің жорығы да  
Қайғымен құса қосып басқан үдеп.  
Солайша жарық жұлдыз ағып түсті.  
Болашақ заманына артып тілек.  
Қазір заман жаңадан,  
Жаңа қоғам, жаңа адам.  
Шоқанды бәрі біледі,  
Сұрасаң да баладан.

Ғылым білім бәрі бар,  
Оқуға түс қалаған.  
Сән салтанат өлімде  
Кем емес ауыл қаладын.  
Тоқсан ұлтәм бас қосып,  
Туыспыз деп санаған.  
Түлі бөлек, тілек бір,  
Құда жек-жан сан адам.  
Осының бәрі, жолдастар,  
Шын достықтан тараған.

Тарихта қалған Сырымбет,  
Көрмегендер бұрын көп.  
Ақан шырқап тұрғандай  
"Бөрмен қарай бұрыл" деп.

Ескіден келе жатсам да  
Жасарған мынауы түрім деп,  
Шақырып Шоқан тұрғандай,  
Бетіңе қарап күлімдеп.

"Сандық таста" отырып,  
Оялаған менің күнім деп.  
Бұл бақытты туғызған,  
Ғаділдік пен білім деп

Ақындарға жүктеген  
Жеткізер сенің тәлің деп.  
Шамам келсе шырқайын,  
Тапсырсаң маған інім деп.

Шоқан ғалым атына  
Музей үмі салынған.  
Ертедегі жобасы,  
Тарихтардан алынған.

Ленинград, Москва  
Жетісу мен Омбыдан.  
Ескертпесі жазылған  
Оқымысты ғалымнан.  
Шоқан туған ауылы,  
Әр еңбекке жабылған.  
Серттеріне ісі сай,  
Уәдеден табылған.  
Тұрлыбектей Батырға бар,  
Жарылған бейне жалыннан.  
Үстаз болып жастарға,  
Жеткіншектер бағынған.  
Тоғыз күн толғап айтсам да,  
Ерлерімнен жаңылман./  
Ғалым Шоқан елі деп,  
Еңбегімен танылған.

Асылын ұмытпайтын халым салты,  
Елімнің бізге артқан аманаты.  
Еңбекші ел Шоқан тойын қарсы алған,  
Тойларың құтты болсын, тексі жалпы.

Пайымдап Шоқан ғалым өнерлерін,  
Қазақтың көзбен көрдік теңелгенін.  
Қыс кетіп, жаймашуақ жазым келді,  
Құлпырып осы емес пе көгергенім.  
Өтсе де асылдарды еске алған,  
Жасасын Компартия кемеңгерім.

Ассалаумағалайком қалың жиын  
 Көп ұлтты мызғымайтын берік ұйым  
 Қамқоршым компартия ерқасында  
 Өмірдің нешік түрлі көрдік сиын

Сөзіме елім менің негіз десем  
 Байлығы шалқып жатқан теңіз десем  
 Ақ шоқы, Баян ауыл жер жанаты  
 Жаңылман Көкшетаумен егіз дебем  
 Біржан сал, Ақансері, жаяу Муса  
 Таппайсың басқа жерден ~~жең~~ іздесең  
 Бір киімдей жарасып бойға қонған  
 табылған жаға менен ~~жең~~ іздесең  
 Солардың ұрпағымын деймін қалай,  
 Халқымды бәрекедi дегізбесем

Белгісі ескергеннің бүгінгі той  
 Жыр қозғап аспандайтын шарықтай ой  
 Жүз елу жасқа толған Жаяу Муса  
 Бейне бір, жас жігіттей көтерген бой

Қиыялым шарықтасын қанат қағып  
 Көкшеден келдім жырмен алқатағып  
 Омбыда нағашылы – жиен болып  
 Жүргенін Муса – Шоқан еске алып

Қаиран Шоқан отызға келгенінде  
 Аққан жұлдыз сыяқты түскен ағып  
 Ғалымдар іздесе егер табар еді  
 Шоқанын Муса еске алмай неғып  
 Шоқан ғалым болғанда, Муса ақын  
 Ұрпаққа өнегесін кеткен жағып  
 Жаяу Муса болмас ет, ал алдында  
 тек қана көк дөненін жүрсе бағып  
 Ғасырдан – Ғасыр өтіп кетседағы  
 Ерлерін елі жүрер есіне алып

Ел жұрты Муса ақынды Жаяу деген  
 Түсірмей көңіліне қаяу деген  
 Өз аяғын кемірген, бөрілердей  
 Шонжар да болмаған ғой аяу деген

Қазақта Муса атты талай жан бар  
 Келбеті от боп, маздап жанбағандар  
 Барды мақсат, жоқтықты ұят көрмей  
 Аты қалған, адамдық таңдағандар

Аққуға аспандағы әнін қосқан  
 Түспеген бұғалыққа алдын тосқан  
 Өмірде кездеспейтін жеке дарын  
 Кезінде артық туған қаспен достан

Қайыспас қайсарлығы қаратастай  
 Арлыны – арсызбенен көрген жастай

Туғаннан әділдікті аңсай туған  
 Өткізген өз өмірін бұрыс баспай  
 Сынаған шала піскен дүмбілезді  
 Өзінен өзгелерге жүрген аспай

Тоқсан төрт жасқа келіп дүние салған  
 Еліміз ардақты ұлын есіне алған  
 Ұрпақтардан – ұрпаққа жалғасатын  
 Мусекеңдей кісіді болмас арман/

Жүз елуде болсада арамызда  
 Тойлаған даламызда қаламызда  
 Әндерін " Сүржекейін", " сұрша қызын"  
 Өзгертпей ілгері алып барамызда  
 Арқауы адамзаттың дән менен ән  
 Ән менен ашылмайма санамызда  
 Муса әні мұра болып адамзатқа  
 Қалмайма баламыздан – баламызға

Ақындар дастан қылған Көкше жерін  
 Біржан сал, Балдуан шолақ Ақан Серім  
 Ұрпағы біздергеде қалған шығар  
 Жырлауға шалқар көлмен, асқарбелін

Мусеменнің 150 жасқа толған  
 Тойына келіп едім берді төрін  
 Бір жарым ғасыр бүгін өтседедағы  
 Халқымыз ұмытпаған ел ерлерін



Ұрпағы Ақан, Біржан, Мусалардың  
Халқынан аямайды өнерлерін  
Бір кезде біреу жаяу, біреу атты  
Мінекей көрдік көзбен теңелгенін

Қыс кетіп, жайма шуақ жазым келіп  
Құлпырып осы емеспе көгергенім  
Жеткізген шадыманды шат тұрмысқа  
Жаасын компартия кемеңгерім

Менің он бес жасымда

---

Менің он бес жасымда  
 Сұрапыл соғыс басталды  
 Ағалар кетіп майданға  
 Шал-кемпір, жасқалды  
 Қаралы күй тартылды  
 Тебренткендей аспанды  
 Орта білім ала алмай  
 Оқуда солай тасталды

Плугатыр атанып  
 Үстадық соқа сабынан  
 Қас қарая тохтаймыз  
 дем алып, соқа шаңынан  
 лағынат айтып соғысқа  
 Жеңгейлер жүрет налыған  
 Жарып жөнді<sup>са</sup>тшпей  
 Кезіміз болды арыған  
 Сол күндер еске түскенде  
 Кәзірдеде тарығам  
 Сиыр деген пәлекет,  
 Желкесі жоқ өгіздей  
 Мойнына жарма ілмейді  
 Арам қатқыр дегізбей  
 Сиыр мөн жер жыртқаның  
 Боғыспен туыс өгіздей

Қарғысшыл болды бір жеңгей  
 "Қу шұнақтай бастайды  
 Гитлерді әнжитіп  
 Аузына тастайды  
 Ондай кезде үндеме  
 бас салудан қашпайды  
 Соқадағы сиыры,  
 Сондада аяқ баспайды

Заман сондай бұлған соң  
 Жасты тез ержеткізді  
 Шаршағанға қарамай  
 Сауықпен түнді еткізді  
 Сәмсердей бізді қайрады  
 Жастық жалын кек бізді  
 Жігіт болып қалыппыз  
 Жүргенде, өлет деп бізді  
 Осындай жастар, ол кезде  
 Аз емеспіз көпбізде

Ағайлар келе бастады  
 Сүйеніп балдақ таяққа  
 қарамаймыз ондайда  
 Көз жіберіп аяққа  
 Оңашада өзіміз  
 Аламыз жылап аяпта

Келіп жатыр кей ағай  
 Қолын асып мойынға  
 Сыртқа отырып білдірмей  
 Сырқаты жоқтай бойында  
 Сағынышын өлеңмен  
 Айтады кешке тойында  
 Ғл-жұртты аман көрген соң  
 Жоқ дейді арман ойымда  
 Өзілдерін бастайды  
 Күлдіріп елді қобға

Қырдым дейді бұл ағай  
 Гитлерден басқаны  
 баспанен соқтым бомбасын  
 Сындырып тек касканы  
 Жәкпе жәкше немістің

басын жүлде тастадым

Қолымды басы шайнады  
 Жыным келді қаидағы  
 Аттым басын аспанға  
 Инеағашты айсүлу  
 көрген шығар айдағы.

Айға қарай күлеміз  
 Ертекшілің білеміз  
 Күлкі көңіл шарабы  
 "Жаса" аға дейміз түлеңіз

Қара қағаз ол кезде  
 Көктен түскен жасылдай  
 Ортамыздан әкеттау  
 Талай шіркін асылдан  
 бойды басқан ауырлық  
 таудың шомбал тасындай  
 Күнде естірту жамандық  
 Еңреу еш бір басымай  
 Зәл-зәләз сол шығар  
 Айналар басыңды ай  
 Соғыстың бітер түрі жоқ  
 біздерде қару осынбай  
 Соғысқа менде аттандым  
 Ұлғайтып емі жасымдай.

төбем оққа тесілген  
қолым мынау көбілген  
бастап өткен бір мақал  
Тайынбас судан шешінген  
" За отвагу" медалі  
Орын алған тесімнен  
" За,за", деген медал бар  
Қалғам жоқ соғыс көшінен  
Онекі мүшем орнында  
Еш қаниссы жоқ кесілген  
Отанға деп берілгем  
Келгенше қайтшы шешімнен  
Безбітшілік заманда  
Жерім жоқ әсте есірген  
Плугатрліктей заманым  
Бухгалтрлікке есірген  
Оқып алмай қалғаным  
Әсте кетпес есімнен

Айтатұғын сөзім бар

---

Дүрім бар айта беретін  
 Шақырсам өлең келетін  
 Бәрісін алмай жемістің  
 Нәрлісін алып теретін  
 арнауы келген асыл сөз  
 Көңіл көркін көретін

Шабысқа түскен тұтарлар  
 Аяңдай келе желетін  
 Қыза келе шабатын  
 Сөз асылың табатын  
 Тай буырылды байлауға  
 Алтыннан діңгек қағатын  
 Мендей ақын, сендейге  
 Сөзден діңгек қағатын  
 Түсірсе сөздің ж сағатын  
 Айтарыңды айта алмай  
 Шаң-топырақ қабатын

Ләмила қолың майда, көзің қара  
 Жолдайтын жақсылықты сезім ғана  
 Ана тіл, ақсүтіндей анамыздың  
 Қазақша сөйлейтуғын өзің ғана

Сен уколды бергенде  
 Көтерілмейді қанымыз  
 Мақтамен укол салғандай  
 Рахаттанат жанымыз  
 Көп алғысқа бөлендің  
 Бұл сөзіме наныңыз  
 Адайдың қызы Қарағым  
 Көкшеден тартқан дәміңіз  
 Бала-шағаң есен боп  
 Кемімесін саныңыз  
 аман болсын әр дайым  
 Құдай қосқан жарыңыз  
 Талай жерде жырлармын  
 аман болса жағыңыз  
 адам болып, жербасқан  
 таза екен арыңыз  
 адамда да адам бар  
 ақындарды таныңыз  
 Абройың үстем боп  
 Өсе берсін бағыңыз  
 Жарық болсын әр дайым  
 Жағылған шырақ шамыңыз



Өмірдегі жұмыста  
Бақтыңызды табыңыз  
Өзіне тілек тілеген  
Сөзімді қабыл алыңыз.  
Сөз ғана боп тұр әзірше  
Қолдағы біздің барымыз.

## БАЖА АЛПЫСҚА ТОЛҒАНДА

Алпыста апай төсші алыптайсың  
 Бойыңа кәрілікті дарытпайсың  
 Қалқыңа қаламыңмен қызмет етіп  
 Алда да әлі талай шарықтайсың

Балғын шақ ержеткенсоң, өнерде өстік  
 Көкшетау Рузайлық көлемде өстік  
 Оқуда үш пен төртке әрең жетсем  
 Сол кезде ақ сен алушең өңкей бестік

Жазуың тасқа таңба басқандайды  
 Күрессе, айтушы едік жасқанбайды  
 Айтушы ек мақтан тұтып, оңашада  
 "Түбінде Әуез біздің аспандайды."

Ер жеттік соғыс ерт жалындады  
 Көп жігіт ерте кетті жанындағы  
 Қаламыңды найзағып жауға аттың  
 Қалам мен атты сенің таңындағы

Қырық жыл қызмет еттің қаламмемен  
 Аттадың өзіңе тән қадамменен  
 Құрметті үш орденнің иегері  
 Ойында болмасада алам деген

Үш бірдей орденің бар "Құрмет белгі"  
 Көп жаста өнегенді көрді төргі

Өзіңнен тәрбие алған *мәйкінішектер*  
 Ис түйінін, өрнектей сөзбен өрді

Жігіттің сендей болса арманы жоқ  
 Газеттің дәл өзіндей тарланы жоқ  
 Менде сені құрметпен ұстаз тұтам  
 Сенерсің бұл сөзімнің жалғаны жоқ.

Өлеңге мені жастан қосқаныңда  
 белгілі тағат таппай тосқаныңда  
 Сексенге селкілдемей жетіп алсақ  
 Көрерміз әр жағыңда тоқсаныңда

Қасыңда Балқиядай қосағың бар  
 Өмірден жақсылықты тосарың бар  
 Жасың жүзге жеткенше қашымастған  
 Алда да үлесінді қосарың бар.

Қадірің тіршіліктің білейікте  
 Қрпақтың болашағын тілейікте  
 Тоқсанда екі кемпір, екі шал боп  
 Еске алып жастық шақты күлейікте

Кеудеме туысқандық отын жақтым  
 Қызығын біз көрерміз келген бақтың  
 Алпыста аты әйгілі ата бол деп  
 Арқана оқалаған шапан жайтым.

Немерем мектепке барғанда

---

/ әні бар/

Көңіл күйі атанның  
 Нұрға малып алғандай  
 Арқасында ботамның  
 Оқуға өзім барғандай

Айналайын бөбегім  
 Мейірімді төгемін  
 Сөпкен дәнiм желкiддеп  
 Жайқалғандай көкегiн

Атыңды қойдым Берiк деп  
 Көңiлiмдегi керiк деп  
 Кәрлiк деген мұз болса  
 Жас жүрегiң ерiтпек

Жетiге келдiң немерем  
 Кәрiлiктi елемен  
 тамырлары толықса  
 Құламайды кәрi емен.

Күткен күнiм асыға  
 Әр кiмнiң келсiн басына  
 екi әжең, екi атаң  
 ердi сенiң қасыңа

Ебiгi мектеп ашылды  
 есiгiндей өмiрдiң  
 Иешiн менде басымды  
 Күәсiндей көнiлiң

Берік болсаң берік бол  
Жақсы оқып көрік бол  
Құтты болсын қадамың  
Шапаңа еріп серік бол

Жетіге берік жеткен күн  
Маған келмес өткен күн  
Саған қарай жасарып  
Өзімде бүгін көктеммін

Дем алушыларға арнау

---

Сәләмат, саусыздарма дем алғандар  
 Тыңнан дән, Балқаш жақтан кен алғандар  
 Сәт сапар, қадамдарың құтты болсын  
 Еңбекте қиындықты жеңе алғандар

Алматы, Балқаш, Жамбыл, Қарағанды  
 дем алып жатыр міне сан адамы  
 Қостанай, Қызылжармен екі облыс  
 Көкшеге көрші болып саналады  
 Дем алғандар бас қосып мәжіліс құрдық  
 Шын достық міне осылай таралады.

Жатырмыз Көкшетаулық Зерендіде  
 / Өмірдің ден саулықсыз керегіне?/  
 Асқар тау, шалқар көлі дертке шипа  
 Қарсы алды, қарағайы – терегіде

Халықтың қамын ойлап үй салғызған  
 Қамқоршы партияның Көмегіде  
 Шадыман шат көңілді жырға қоспай  
 Ақынның келмес шабыт өлеңіде

Барлық ұлт бір бауырдай басын қосып  
 Сүйенген партияның дерегіне

Халқым қалай ақын деп сөз берген соң  
достықты жырлап дәйім беремін де.

Ақынның жыр оралса қаламына  
Достыққа дәйім ғажап қаламында  
Ерекше көрік берген, жаңа түрде  
Советтік жаңа өмір заманыда

## ШАЛАҒАМШЫҚ

Өлеңнен биыл қолым тимей қойды  
 Ешкім әкей шөп=сабан үймей қойды  
 Көзге түсіп шаруаға шолақтығым  
 Көз түрткі боп жарымда сүймей қойды

Жаңғыз сиыр мәңіреп мазаны алды  
 Күздікте жоқ дейтуғын қазан алды  
 Сүрінбеген айтыста қайран көкем  
 Дәріжаннан осылай сазаны алды

Соғым, шөп бауырсақтық үн болмаса  
 енді үйден шықты деп мазаны алды  
 Деген менде құдаша дұрыс айтат  
 Шөп, сабан жоқ үйдің маңы тазаланды



## ҚҰРДАСҚА

Жақсы болса құрдасың  
Білесің қастық қылмасын  
Әзілдейміз күлеміз  
ауыада сөз тұрғасын

Бас ауырса қорқасың  
Көрген соң жас ортасын  
Аман болып жүрейік  
Кемітпей құрдас ортасын

Білемін сізді бұрыннан  
азаматтық қырынан  
Жұмысты да істейсің  
Қан аққанша мұрыннан

Комсомолдың кезі емес  
Жыртылмайтын бөз емес  
Алпысты екі бөлсекте  
Жиырма бестің өзі емес

Жастарға үлгі еңбегің  
еңбекшің көрдің өңгенін  
Құрдастардың ішінде  
Иделым сөңгенім

## ДИАБЕТ

---

Диабет, ау, Диабет  
 емдеуің бір қыямет  
 Буынымды бекітіп  
 ақылымды жыякет

Қазақша нақты аты жоқ  
 Ертеден келген заты жоқ  
 Дәмімді ішкен қант қылып  
 Жатырсың ау, атып оқ

Бауырымды аралап  
 Әр мүшемді жаралап  
 Әлпетіме жұрт қарап  
 Сау адамға санамақ

Кім көрген мұндай қуынды  
 алып барат буынды  
 Ақылға кейде арқан сап  
 Жаздырмайды, туынды

Көңілшек қылып жылатып  
 Тұрғаң жоқ сені ұнатып  
 Басымды саған имеспін  
 Өлтіргенше сұлатып.

Уколды күнде аламын  
 / алмасам өліп қаламын/  
 Қантқа қарсы қарысып  
 тоқтамаса екен қаламым

## ӨКІНІШ

Риза болмай тірі жүргеніме  
Қызыл тіл іліктірдің ілмегіңе  
Атыңды арашалап нең бар еді  
Халықтың жүре бермей дүрмегінде

Ақыңды азуға сап алқымдайтын  
Ақылды азаматтың білгеніме

Ақсақалмен әзіл

---

Уа. аманба ауыл аймағын  
 түиедегі тайлағын  
 Жылқыдағы бойдағын  
 ешкідегі егізің  
 Саулық қойдан семізің

Баламенен шағаңыз  
 біз білмейтін ағамыз  
 қойыңдағы жарыңыз  
 Қаптағы бидай тарыңыз  
 Кебжедегі сүріңіз  
 Етсіз келмес түріміз  
 Жақсы қонақ келгенде  
 Не асатынын біліңіз.

Амандықты білуге  
 Келіп қапты ініңіз  
 Жеңгейсіз болмас күніміз  
 Сау сәләмті жүріңіз  
 Ыт дегенде <sup>бет</sup>барма

Танымасын – сыйламас  
 болып жүрмесін біліңіз  
 Қарауылдан тараған  
 Көкшетау деген қаладан  
 Түсуге топқа жараған  
 Сөзімді елім қалаған,  
 Көкен деген дүріңіз

Тұрлаулы сөзге тоқтайтын  
 Мінезім еді жасымнан  
 Кейбір ақынсымақтары  
 Сөзіме тоқтап басылған

Қызығымды көріңіз  
 берсеңіз орын қасыңнан  
 екпіндеі келдім илуге  
 тасқын судай тасынған  
 еркелігім қалмайды  
 Ағаға назбен асылған  
 Сенімдерін ақтауды ем  
 Сөзімді қозғап асылдан  
 Жарысқандар жайраушы *ед*  
 кем болмай түскен жасылдан  
 Халқым қалай тұрғанда  
 Кеудем жоқ еш басылған  
 Көп жердің дәмін татып ем  
 айналдым берген асынан  
 Шарықта жырым аспанға  
 Кораблдей космосқа  
 мамандар жасап асырған.

## ШАБЫТ ШАҚЫРУ

Келуші еді "ә" дегенде өлең-жырым  
 Қиналып көргенім жоқ, мұнан бұрын.  
 Көктесін, көкірегімнің қызғалдағы  
 Мысалы гүл-бақшадай жазғытұрым  
 Жылум, жүрегімнің жырым еді  
 Кім білер, мен білмесем оның сырн  
 Қызығын, қызыл-тілдің көру үшін  
 Білімнің, араладым ой мен қырын.  
 Патшасы, қарасөздің өлең болса  
 Жарылқа иә жазала мен бір құлын  
 Өлеңнің кең сарайы – кеудем болса  
 Таза ұстап, арақ ішпен, тартпан шылым  
 Болмаса, сөзім сұлу кім қарайды  
 Тайлықтай, кіші-гірім мынау түрім  
 Табиғат, тілегімді береме деп  
 Өлеңнің он үшімде ектім бұрын  
 Білген гүл, білмегендер күл деп айтар  
 Көкөеннің, кешіріңдер бұл бір сырн.

## МІДАЛЫДЫ ИЕСІНЕ БЕРГЕНІМ

Тың белгісін кеудеме таққан күні  
 / Өзім бір жер – жыртқандай күндіз-түні /  
 " Бізге де бәреме" – деп айтып қалған  
 Үйдегі қосағымның шықты үні

– Бергенде саған берсін, еңбегің бар  
 Жазда жауын, қыста аяз, ақ боран, қар.  
 Тоңбасаңда, тоңғанды жылытқансың  
 Ұмытсаң мен айтайын, есіңе ал"

Елу төрт, марттың айы, қара боран  
 / Жақсы ғой, қонақ жайлық, қазақ жораң /  
 " Шығып келші, есікті біреу қағат  
 дедің сен " тоқып қалма, тоңыңа оран"

Мен шықтым, екі жігіт, бір қыз бала  
 / Салғаннан " сүйістік" деп жаппан жала /  
 " Кім" – дедім, қазақшылап, пысығы айтты  
 " Мен Вадим, мынау Жора, анау Валя

Қай бір азған жігітпін, түрім сұлу  
 Даусым зор, аңғарғанға жоқта жылу  
 тун мейманын, көңілім қарсы алып  
 Дәм беріп, Хали- хадыр қонақ қылу

Оларда мені көріп, сағып қалды  
 Шошынған қыз көңілі жасып қалды  
 Көркіме, көңілі толмай, шіркін қыздың  
 " Орысша білеме – деп басып қалды.

" Білгенде мен білейін"- дедім " Бикем"  
 Сөйлеуге, Билеуге де келеді иш икем  
 " Далада неге тұрмыз, ал жүріңдер  
 " Жүріңдер, жылыңдар, үйіміз кең"

Шіркін аз,білесің гошқ қонақ жайын  
 Әр-қашан ,мейман келсе шайың дайын  
 Кездесіп тыңға келгея қыз Балямен  
 Вадим мен жолдас болып жүрдік дәйім

Дәм беріп, ехдаспен шайды құйдың  
 Кейінде, тың жастары басын жидың  
 Қарсы алған, тың ерлерін еңбегіңе  
 Қададым, тың белгісін, саған қыдым.



## Терме

Сөйлемей ақын тұрарма  
 Жыр толқыны келген соң  
 Ашы менен тұщының  
 Дәмін татып көрген соң  
 Жас талапкер құлақсал  
 Сөйлерге сөз берген соң  
 Көтерілер көңілің  
 Жолдастарың ерген соң/  
 Жас жеткіншек туының  
 балапандай өрген соң  
 ағайынға қадір жоқ  
 байлығыңды көрген соң  
 айрылар туыс арасы  
 Аз сөзді көп қып тергенсоң  
 Сыласайық тірлікте  
 Көрек жоқ сиың өлген соң

Ауырып тұрмын

---

Басауырып тұрады денем ұйып  
 Қойғандай қорғасынна дене құйып  
 Өзіме жалтақтаймын сездірмеймін  
 Айтпаймын анау-мынау сөзді сұйық.  
 денем қызып, шыдамың таусылғандай  
 Сырт көзге қопыламын саусылғандай  
 Мең-зең болып кей күні отырамын  
 Сиырға тиетұғын " аусыл" қандай

Білмеймін осы ауру оңдырама  
 Болмаса құтты орнына қондырама  
 елу деген ер жасы кәрі емеспін  
 Сырқатсыз көкем бүйтіп болдырама  
 Тәуекел не болсада будым белді  
 Қыймаймын замандасты туған елді  
 Егерде тағдыр келсе қалдырама  
 Жалмаған талай сабаз, кемеңгерді.

## ҚЫЗЫМ МЕН ӨЗІМ

Көзімнің көретұғын нұры балам  
 Көркейтер көкірегімнің сыры балам  
 Әкеңнің парызы жоқ, қарызы жоқ  
 Жүрсендер болды маған, тірі балам

Тек қана халық үшін абройың  
 Арналсын бойда қуат ақыл- ойың  
 Жанымыз жақсы десе сүйінеді  
 Сол маған берген асың, сойған қойың

Әкеңде адал күшін кешіреді  
 Көңілді жақсы атағың өсіреді  
 Болсаңдар үйде үлгі, түзде түзу  
 Ажалда маған келмей кешігеді

Алдағы өмірімнің дерегі бол  
 Білім терең ойлы зерегі бол  
 Осы айтқан ақылмды ескерсеңдер  
 болмазақ қойсын дүние керегі мол.

ӘкемеҚызғалиның махаббаты

Өзінің көз нұрындай сыйлайды әкем  
 Біз үшін шыбын-жанын қинайды әкем  
 Кетсемде жиырмадан жасым асып  
 Біздерді жат-жұрттыққа қимайды әкем

Жалғанда әке көңілі неткен көңіл  
 Өмірдің шарасынан демейт төгіл  
 Әкемнің бізге деген жүрегінің  
 Балқыред қызуына болат темір

Аялап алтауызды асыраған  
 Өзінің бақытына тасымаған  
 Сүм дүние бірде толып, бірде солып  
 Жатсада көңілі мұқап жасымаған

Ұшырсаң бізді ұядан түлегің мол  
 Алтауыз алты арысын тірегің мол  
 Көретін бейнетіңнің зейнетін мол  
 Жан әке аман жүрші тілегім сол.

## Х А Т (Болай Көшімбасқа)

Есенбай ақынның шежіресін оқығаннан кейінгі,  
көңіл-күйімнің әсері бір-екі ауыз өлең болған  
еді. Соны қабыл алыңыз.

Шежіре, шешетұғын ата, текті,  
Сыр шертер, неше түрлі. бізге кепті  
Ерлер көп, елі үшін әңіреген  
дүниеге олардағы келіп- кетті

Атанған он үшінде " бала Баубек"  
Біз емес, елі айтқан" асқар тау дап  
Баукеңдей ерлерде өткен дүниеден  
Аз күнге, маз боп жүрміз " денім саудап

Баукеңе ер мағұзұм туған тартып  
Ақыл-ой ~~ж~~ фарасаты жаннан артық  
" Ел қамын, Едігедей жеген ер" – деп  
Қуанған мен Қарауыл көңіл шалқып

Өзіңнің нағашың ед Әбдісамат  
Ерлігі үкіметке болмаған жат  
Советтік Ақмола мен Көкшетауда  
Ол кісідей аталар бармеді ат

Солардың бір ұрпағы сенсің Болат  
Көргенде мінезіңді көңілім толып

Ерімсің, елің үшін, туған ұлың  
Ақын ой, мендегі бар солай шолат

Жасың жас, жауаптысың елің үшін  
Келесің атқару мен партия ісін  
Сыртынан, тілектес боп мен жүрейін  
Өлең ғой қолдан келер менің күшім.

## БАИСЫТ БАИБОСЫНОВ АҒАҒА

Сал аға, асыл аға, ардақты аға  
 Өнерге граниттей, салмақты аға  
 Алдымда, асқар таудай арыстаным  
 Ініңнің, көңілінен қалмапты аға

Сәндікті, серілікті, қуған аға  
 Бағына, кейінгі жас туған аға  
 халқына қызмет етіп өлеңменен  
 Өнерге, белді бекем бұған аға

Құрбыңнан жүрдің бір кез, асып аға  
 Кеудесін, білместердің басып аға  
 Тағдырдың, тәлкегіне шыдай алмай  
 тілегім, қала көрме жасып аға

Атығай Қарауылдың тұлпарысың  
 Халқыңның қолға ұстаған сұңқарысың  
 Елімнің өзім білер, асылысың  
 Кейінгі жас талаптың іңкәрісің

Жетпісте жасып қалмай желпіне түс  
 Кешегі елу жастың, келпіне түс  
 Келгенде інілерің сәлем бере  
 Серігің өлең-жырды келтіре түс

Жеңеше өзгермепті көркіңізде  
 Көңілге, қажымайтын серпін ізде  
 Келетін біздің қолдан, тілек қана  
 Тәңірім, шипа берсін дертіңізге.

Жеңеше болат болшы болған іске  
 Келерме біздің қолдан, салсақ күшке  
 Ұшыпты қолыңыздан қыраныңыз  
 Мезгілсіз қапияда ең мен түсте

Жастары ағайынның ұл мен қызың  
 Тағдырдың кімге болсын құрығы ұзын  
 Кетерміз аша-баба ізіменен  
 Өмірдің – жей тұрайық нан мен тұзын.

УА, Бәкем, еңіреген, есіл Бәкем  
 Жасымай беліңізді бушы бекем  
 Арнайы алдыңызда сәлем берген  
 Ініңіз атым Көкен емес бөтен.



## МУСАНЫ ЕСКЕ АЛУ

Қарасұр, мұрындылау, жарқыл көзді  
 Жасынан ұнататын жарқыл сөзді.  
 Ақындық сапарымен бірге болып  
 Өткіздік, ұмытылмас талай кезді

Жатпайтын сол жақ шашы қайырсада/  
 Қайтпайтын, төбесінен жай ұрсада  
 Мінезі, кескін=кейпі көз алдымда  
 Мезгілсіз тағдыр бізді айырсада

Сыйларам өлі түгіл, тірісінде  
 Айтыстың көрсеткенбіз ірісінде  
 "екеуің айтысасың— деген кезде  
 Мусаның таң қалатын бір ісіне

Дейтұғын " бір тілегім аға саған  
 Кіші боп тірі жүрем сізге жағам  
 Айтыста артық кетсем айып етпе  
 Ұстауға сөз шіркінді келмейт шамам

Айтысы ақындардың басталатын  
 Сөз семсер, жүректер жоқ жасқанатын  
 Мінезі Мұса марқұм қызық еді=ау  
 Алдымен " А" дегенде бас салатын

Қазба ақын, қызулы ақын, ағатұғын  
 Қиыннан сөз қысынын табатуғын  
 Дауысы, домбырасы бірдей сайрап  
 тыңдаған тыңдаушыға жағатуғын

Жарқылдап, жәй отындай, жайнап көзі  
 Бұрқанып, тоқтата алмай өзін-өзі  
 Аузына алғандары "Алып" болып  
 Алтын бои, кететұғын жәйбір жезі.

Сырымбет, Айыртауды қосатуғын  
 Желшініп, желдірмелеп жосатуғын  
 Ақанды аузына алып айтқан кезде  
 "Мағанда ортақ қой" - деп тосатуғын

Айтсып талай рет теңде түстік  
 Біріміз - бірімізден кемде түстік  
 Жамбасқа ап, соғатуғын күрес емес  
 Күштілік сөз сайдау мен демде күштік

Бірдей ет ауылға да қалағада  
 Ән айтты, театрда даладада  
 Ақ көңіл, ақжолтайдың өзі еді  
 Сенетін "солай" дебе балағада

Ақындық сөзге шр шіркін ұста болды  
 Білгенге айтқандары нұсқа болды  
 Шабыты шаңқай түске шыққан кезде  
 Арман-ай қайран ғұмыр қысқа болды.

Артында сөзі қалса өлгені жоқ  
Айтыста еш бір ақын жеңгені жоқ  
Ұтақты сан ақын мен айтыссамда  
Ағынды дәл Мұсадай көргемін жоқ.

## АЛТЫН ТОЙ

Ақан ауылының тұрғыны, Мұхамбетов Қанабіл ақсақал мен, бәйбішесі Көпейдің отасқанына 50 – жыл толған Алтын тойдағы толғауым

Көпей жеңгей болғанда Жәкең аға  
Елінен "елеулі" деп алған баға  
Елу жыл жұбын жазбай жүрседағы  
Кәзірде қосылғандай жаңа ғана.

" Алтын той" 50 – жылдық болсын құтты  
Жинадың туған=туыс қауым жұртты  
Жарасып жас=жұбайдай отырсыңдар  
" Аға" деп сыйлағанмен сақал=мұртты

" Ел жаңа , елу жылда " деген осы  
бас қосты жастықтағы "бала" досы  
Үл мен қыз , тәрбиелі есен жүрсе  
Әр қашан бола бермек көңіл қошы.

Сейт, Сәбит, Хамит пен Қайырлысы  
Мақтауға тұрарлықтай қайырлы ісі  
Әкеден тәрбие алған ұлдарының  
Халқына арналғандай хайыр күші

Шәрия, Бағиламен Әлиясы  
 Жаныңды жадыратар Шәрия іші  
 Күйеулер, Бексұлтан мен Қажыбайы  
 Еңбектің шалшық емес дариясы.

Кенжесі Қайыржаны армияда  
 Үл қызы қоныс тепкен әр-үяда.  
 Мұгаллем, механикатор, агроном  
 Еңбекте әр салада әр – қыядна

Жаңа, салт жаңа тұрмыс, жаңа заман  
 Советтік бұл дәуірде жаңа адам  
 Қосылып " гауһар" тойын біз тойлайық  
 Жүріңдер оған дейін есен-аман.

Бейбітшілік күн берсін адамзатқа  
 Ең қымбат айырсыңда алтын тақта  
 Бейбіт өмір, шат көңіл балаберсін  
 Тілегім жиналған бұл азаматқа

"Тауһар" тойға Жәкеңдер есен барсын  
 бәріңде қуанышқа келген жансын  
 "Жақсы қонақ хануыш" деген сөз бар  
 Жастықты аға- жеңге есіне алсын.

Екеудің бірінде жоқ мұндай жиын  
 Ақынға өлең деген емес қиын.

" Алтын той" 50 - жылдық құтты болсын  
 аз сөзім сіздерге арнап тартқан сиым.

## ҮСТАЗДАР ҚҰТТЫҚТАЛЫ

Әліппеден бастаған  
Білімде алғаш басқадан  
"Үстазым менің үстазым"  
Ыстықсың бізге басқадан.

Қатесі болса кешірген  
Өсиетпен өсірген  
"Үстазым менің үстазым"  
Ержетсек кетпес есіңнен.

Бейбітшілік ұраның  
Үстаған берік құралың  
Білім, бірлік, жолдастық  
Жүрекке жаққан шырағың

Мектебім отан ордасы  
Өмірде, отан жол басы  
Құтты болсын ұстаздар  
Жаңа оқу ре-фор-ма-сы!

## ЖАС АҚЫНДАРҒА

Ал, ақындар енді жырласып

Шабыттарын шыңдасын

Өлең менен жеткізсін

Ерлерімнің тұлғасын

Халық берер төрелік

Қайсысы төмен, кім басым

~~білеміз; ~~өзімізді айт~~~~  
~~Қол басшының партия~~

Осы болсын жыр басың

Қаулы, жоба – жоспарды

Жырламай көңілің тынбасын

Безбітшілік өмірді айт

Оныда халқым тыңдасын

Жас ақындар арнасын

Салмақты сөздің тұнбасын

Домбырасын Қазақтың

Сермей көкке ырғасын

арқау болсын бірлестік

Жырламай тек құрбысын

Сөзден түйін – түйіндер

Келтіріп ұзын-ұрғасын

Жырдан шашу – шашындар

Анталай халқың тұрғасын

Бүйірі қызар жүйріктің

шабысқа мойын бүрғасын

Ал, тартындар ақындар

Дабыл-өлең ұрғансын

Көзек бердік жүйрікке

Қаңтарылып тұрмасын

Шабытыңа сәт-сапар

Көріңдер жеңіс – шыңбасын



## АНАМА

Түн ұйқыңды, төртке бөлген, абзал ана, ұлы ана  
Есіне алмай, ержеткенде, ұлың сенің тұрама  
Жарқын жүзің асыл сөзің көңілде  
Бұл өмірден, сеніменен алдық бізде сыбаға

Күн нұрындай, сәуле шашқан төріндесің көңілдің  
Шайағатын көрсен екен бұл жалғанда өмірдің  
Ана бақыт, ана қорған балаға  
Отан сүю, білім жық жастай еккен санаға.

## ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ

Халқым сізге арналды. өлеңіміз  
Еңбекті саңлақтар өреніміз  
Қызырлы еңбек, мерзімді үнемдеумен  
Жақындады алдағы көреріміз  
Тракторист – машинист жылқышылар  
Шопандар – сауыншылар сенеріміз  
Таңына коммунизм, жетің үшін  
Бергеннен көп отанға береріміз  
Шаттыққа шүйілдеген көңілдерің  
Көңіл көлі кемімесін кемеріңіз  
Техниканы меңгеріп ерттей мініп  
Айдыда анықталды жеңеріміз  
Өз қолың мен орнатқан замананың  
Рахатын көріп халқым кенеліңіз.

## ӨМІРІМНІҢ АИНАСЫ

Өсиетіндей Лениннің  
 Беделің биік <sup>газетсіз</sup> ~~арестің~~  
 Ақылшы - досы елімнің  
 Өмірге, бізге қажетсің.

Науыда қатал оқталып,  
 Колхозды да құрыстың  
 Төсқалтамда сақталып,  
 Ішінде жұрдің ұрыстың

Халқыммен бірге аттанып,  
 Тыңда да бірге игердің  
 Ел алдында мақталып,  
 Талай рет сый көрдің

Еңбегің зор тиесі,  
 Бесжылдықтар кезінде  
 Орденің - құрмет иесі,  
 Ақиқат мол сөзінде.

Ұшырдың қомдап талайын,  
 Ақынның, әнші - жыршының.  
 Жылдар өтті толайым,  
 Мен де өзімше тілшімін.

Алғашқы менің өлеңім,  
 Басылған еді өзінде.  
 Аз ба, көп пе көлемің -  
 Жатталып қалды сөзімде,

Өмірімнің айнасы  
 Жасасқан бірге өзіммен  
 Тиген талай пайдасы  
 Нәр алғам кәусар сөзіңнен.

Басыла қалса бір өлен,  
 Оқиды сені ұрпағым.  
 Немерем өссе, шөберем –  
 Оқитығын түр тағы.

Таңертен тұрсам орнымнан,  
 Жүгіремін газетке.  
 Келгені сол қолымнан,  
 Айналып кетті әдетке.

Оқысам жаңа номерін,  
 Отырмын жай тауып.  
 Ұзарады өмірім,  
 Сырқаттан да жоқ хауіп.

Амандығын тілеген  
 Әр семья басының  
 Ғұмырызақ, білемін, –  
 " Көкшетау правдасының "

Мұқалмаған қай кезде,  
 Көтерген достық ұранын.  
 Партия қолдар әркезде –  
 Албатты, асыл құралын.

Советтік баспасөзімнің,  
Тілейтіні - тыныштық,  
Ойымнан шығар өзімнің,  
Сол үшін де тым ыстық.

ТІЛЕК

Тілекті, тілім бастай көрсін!  
 Көпшілік мені, қостай көрсін  
 Ақ жарқын, Ақ дәм иесі  
 Басқосқандарды достай көрсін  
 Немере берсе қостай берсін  
 Жамандығын қоспай берсін!

Өмірдің жақсы сыйын берсін  
 Ленин бабам миын берсін  
 Тәттімбеттің күшін берсін  
 Жақсы – жолдас жиын берсін!

Жамбыл атам жасын берсін!  
 Ұрызық мол, асын берсін  
 Халқыңа болып, қалаулы  
 Елің айтсын " асыл ерсің!

Ақыл – ойларың зерек болсын!  
 Көңілдеріңде дерек болсын  
 Бақыты үшін балаға  
 Кәрия ата- Анаға  
 ініменен ағаға  
 Ақылдарың керек болсын

Ілімің, біліміңе серік болсын  
Қалқыңа қорғандығың Берік болсын  
Заттығың, қымбаттығың аңыз болып  
Өағңнен кейінгіге көрік болсын

Қуаныш берсін бәріңе  
Жасың менен кәріңе  
Мол дастархан басында  
Кездесейік әрі де.

## ЖЫЛҚЫШЫЛАР ТОЙЫНДА

Тауындай Көкшетаудың бұлттай асып  
 Қадірмен жылқышы отыр қауымдасып  
 Көкшенің топырағында өскеннен соң,  
 Біз келдік өлең-жырмен шашу шашып.

Жылқышым әр қазағым тұлғасындай  
 Қозғалмас ер үсінге қорғасындай  
 Ақынба тайпалмаса осындайда  
 Үйреткен жылқышылар жорғасындай.

Бұл Көкен жас шағынан өлең қуды  
 Жүйріктей шыдамады көрсе дуды  
 Құрықты сол өлеңге сала алмасам,  
 Атамыз жылқышы боп неге туды?

Сіздерге нәрлі жырым арналсын да  
 Бәйгіні талай-талай алған сында  
 Үсті жел, сүті дәру қайран жылқы  
 Бір кезде қол жетпейтін армансың да

Шарайды, шалқып толды к ойларыңыз  
 Еңбек пен көтерілді бойларыңыз.  
 Қазақша, "Қамбар" ата өздеріңіз  
 Қайырлы құтты болсын, тойларыңыз!



~~Жалғарта~~ Ағаларға

Арманындай ағалар  
 Інілерің бағалар  
 Болмасақ та сіздердей  
 тәрбие алып жағалар  
 елімнің көркі өздерің  
 жоқ болса кім табалар  
 Не болар ет өткен күн  
 Жігіт болса шамалар  
 Өмірдің қалай іргесін  
 Өтті ау талай даналар  
 Өзен құйса теңізге  
 Әр өзенде сағабар  
 теңіз отан байлығы  
 Беретін солай бағабар  
 Әр өзеннің сағасы  
 Өздеріңдей аға бар  
 Сіздерге бас иеміз  
 Сіздерді біз сүйеміз.  
 Сіздерге деп берілген  
 Жүрек, тамыр, жүйеміз!

## II

Өткен күн еске түседі  
 Сөзімімді тербетіп  
 Ел ағасы, сіздер ең  
 Күйзелгенде ер кетіп  
 Қырған соғыс болғанда  
 Көзден жас аққан селдетіп  
 Елде қалған кемпір-шал  
 Бала-шиға кем-кетік

Ақыл-ой берген сіздер ең  
Еңбекпен маңдай терлетіп  
"Отан" -деп ұран шақырған  
ел еңбегін өрлетіп  
Бала болдық ол кезде  
Қалсақта кейін ер жетіп  
Сіздер соққан қорғанды  
Биіктетсек өрлетіп  
Жеңістің көріп жемісін  
Рахатқа көлбетіп  
Сіздер жүрсен жақсы аға  
Бөленіп сыйға төрлетіп

х х х

Дәрігерге алғыс

---

/ Абуов Сансыбайға /

Жатыр ем, жұмыстан көп, тыныс алып  
 Көңіл жай, уайым жоқ, ұйқы қанық  
 Жүрегім алас-ұрып, ауа жетпей  
 Сыяқты, судан шыққан бейне балық

Жүректі шеңгел салып, уыстады  
 біткендей, қан айналым қуыстыары  
 Таласып өмір-өлім шайқасқандай  
 Белгісіз қайсысы жеңіп ту ұстары

Көрдіңде, түстің келіп арашаға  
 Қайранғып, тамсандырдың тамашаға  
 Жүректі бір босаттың, сол шеңгелден  
 белгісіз, неше жылға жарасада

Ақ көңіл, ақхалатты, асыл кісі  
 / адамның ауырмаған болмаста ісі / ісі  
 Антейдей жер анадан қуаттанар  
 Адамз-ат өмірінің деймін күші.

## АЛМАТЫМ, АЛАТАУЫМ

Көңіл көркі, көзімнің нұры Ала-тау  
 Күн сүйген, басын имес, ірі Ала-тау  
 Табыстың тірегінің, бірі Ала-тау  
 Жеңістің, жігерлі істің гүлі Ала-тау

Қазақтың тұлғасындай еңсең биік  
 Тың жердің астығындай қойған үйіп  
 Басына бұлт үйірден сұлу Көкше  
 Тапсырды " тағзым ет" -деп басыңды иіп.

Алматым, Ала-тауым алтын бесік,  
 Көргенде көтерілер көңіл өсіп  
 Көгілдір экранның арқасы бұл  
 Отырмаз қазірде біз есендесіп.

Қазақ десе, Алматы жалғасындай,  
 Герібтің орақпенен балғасындай  
 Еңбек, бірлік, достықтың астасаны  
 Бейбітшілік өмірдің таңбасындай.

Келгенде бақыт шәмі жағылғандай,  
 Келеміз анамызды сағынғандай.  
 Көркіне қыял қалқып, көңіл шалқып  
 Тіл шіркін, сөйлер сөзден жанылғандай.

Барма екен Алматыдай алып қала,  
 Халқымен бірге өскен қалыптана/  
 Достықтың, туыстықтың, астанасы-  
 Жырымен сәлем берем шабыттана.

Қабыл ал, ел табысын ұлы астана,  
 Бірдейсің мағандағы басқағада  
 Сөзіне еңбегі сай елден келдім  
 Тартыудан Көкшеліктер жасқанама.

Көкшенің даласы дән, тасы алтын  
 Көркейткен Отанымның салтанатын.  
 "Егін жыйнау, ерге сын" —деп атаса  
 Еселі еңбегімен өскен қарқын

Қосылған мол астықтың есебіне,  
 Мөлшерді есептемей кешегіге.  
 Қазақстан астығын алты бөлсе  
 "Біреуі Көкшетаулық" — деседі де.

Сол Көкшеден арнайы мұнда келдім,  
 Ақжарқын ақын жырын тыңдады елім  
 Астанам, ел еңбегін қабыл алсаң  
 Риза Көкше елі мен 80 келім.

## ІМДЕЛІГЕНДЕ

Отырсам бас, жатсам жамбас ауырат  
 дене шіркін күн-күн сайын ауырлап  
 Қарсы емеспін табиғаттың заңына  
 адам деген шарайған соң ауырмақ

Мән-жолдасым дәрiжан бар қасымда  
 Қандай жақсы көрушi едiм жасымда  
 Тәңiрiден тiлейтiнiм күндiз түн  
 Асылымды айналдырма масылға

Імделуге тағы келе жатырмын  
 Дүниеден өтпейiк деп гапiлбiз  
 Өсер ұрпақ, iз басарым жететiн  
 Ақын болып өткемiн жоқ нақылсыз  
 Тiрлiгiмде тiресумен келемiн  
 Жамбасыма батқанынша тақырсыз  
 Сарарқаның сүйiктiсi атандым  
 ел аузында аты қалар ақынбыз.

AMTECTAP

## АЛҒАШҚЫ АЙТЫСТА

Көкшетау облыстық алғашқы ақындар айтысы 1958 жылғы 15 февралда Көкшетау қаласында өтті. Оған Алыртаудан келген Үкілі Ыбырайдың немересі Мұса Азайынов, рузайлық суырып салма ақын Көкен ШӘКІЕВ, қырылтулық төкпе жырау Жұматай Мәдиев, зеренділік жас талап Дулат Мәженов, еңбекшілдерлік терме ақын Қабиден Жаудин сияқты аудандық ақындар айтысының жеңімпаз майталмандары қатынасты. Бірақ Көкен Шәкеевпен айтысатын Чистополь ауданының ақыны келмеген болып шықты. Сонда да Көкен ақын өз кезегінде қарап қалмады.

Рузай – Чистопольмен көрші аудан,  
Тағы да озып тұрмын бір сынаудан.  
Атаған ауданымның дабылдатып,  
Шырқайын өлеңімді Көкшетаудан.

Отырдым ақын күтіп Чистопольдан,  
Айтыспай жеңісімді бермей қолдан.  
Ықтырып сол ақынды әкеткен бе,  
Ақ боран алай-дүлей соққан солдан.

Әрқашан жарыс=табыс, жарыс – мақсат,  
Жарыста жөн бола ма қалған ақсап.  
Бірақ та өлең жырдың орны бөлек,  
Қиыннан қиыстырып жөнін тапсақ

Ендеше чистопольдік жерлестерім,  
Арнаймын тізбектелген жыр кестесін.  
Келмесе ақындарың бұғып жатсын,  
Қай жерде меніменсіз теңдес едің?



1961 жылы өткен облыстық ақындар айтысында  
 Рузаев ауданының ақыны Көкен Шәкеев, Көкшетау қа-  
 сының ақыны Сарбас Ақтаевпен сөз сайысына түсті

Сарбас:

Жас ақын жауар бұлттай күркіреген,  
 Қалайша нөсерлетпес бұл күні өлең.  
 Қаққан соң дүние есігін әубастан-ақ,  
 Шалқар жыр, шат-шадыман күлкіменен.

Тартайын шабыт құстың томағасын,  
 Халқыма болсын жырым қонақ асым.  
 Ақынның жаны да өлең, малы да өлең,  
 Өлеңнен тұлғасын ел қалағасын.

Уа, Көкен өлең-жырдың гүлі едің,  
 Жүздегер бәйге бермес тұлділі едің,  
 Отырма айтысқалы тілің қышып,  
 Кез тандай, айыр көмей бұлбұл едің.

Жыр болып қайнағалы батыр күшің  
 Бұрқанып, буырқанып жатыр ма ісің  
 Айтыспақ Теміржаның келмей қалып,  
 Көз сүзіп қазір маған отырмысың?

Көкен:

Шарықтап шықса даусым саңқылдаған  
 Жерім жоқ тыңдаушымы таң қылмаған.  
 Қалатын қақса жырым үдей түсіп,  
 Әдеті шаршы топта <sup>шарпылаған</sup> ~~шарпылмаған~~.

Мырым бар осындай да көсілетін,  
 Арқаның самалындай есілетін.  
 Әдетім айтықанда мысым жеңіп,  
 Талайлар мезгілінен кешігетін.

Ұлымын еркін өскен ең даланың,  
 Сым болып керек болса жалғанамын.  
 Толқыған теңіз дәнiнiң диханымын  
 Жапанда иесiмiн сан қаланың.

Көктемде көк өзенмін күркіреген,  
 Мұндайда нөсерлейді шіркін өлең.  
 Білегім жұмысшының сом білегі,  
 Алдында аспан оты дүркіреген.

Қызамын айтыста да; тартыста да,  
 Кел, жарыс, тізгінінді тарта ұстаман.  
 Төгіп сал жыр маржанын бұршақтатып,  
 Сарбасжан, өнеріңді қалт ұстама.

1963 жылы Көкше ақындарының облыстық ІУ айтысы өтті.

Осы жолы Көкен Шәкеев Володар аудананан келген ақын Құдыкен Ибрагимовпен айтысып, өз кезегінде былай деді:

Ақынның тыңда елім бастамасын,  
Жараса бір қадеге тастамасың.  
Өлеңмен сәлем беріп қадірлеймін,  
Көкшенің әйгілікті астанасын.

Жүрсін бе сау-саламат ақын досым,  
Демеңіз мен айтысқа келді тосын.  
Жыры бір Көкшетаудың ақынымыз,  
Көтеріп шаңырағын тіккен қосын.  
Көкшенің даңқы шыққан үл мен қызь,  
Жаңа жыл келе жатқан құтты болсын!

Болғанда бірінші айтыс сонау жылда,  
Халқымыз өнерінді деп ед шыңда.  
Өн мен жыр қабаттасып бірдей ұшып,  
Түсіп ем алғаш рет мен де сыңға.

Ендеше сол сенімді ақтамақпын,  
Қадірін маржан сөздің сақтамақпын.  
Құдыкен, өз әліңше қарыштап қал,  
Көрсетіп бар өнерін тіл мен жақтың.

Талайлар бүктырам деп түйілетін,  
 Жеңе алмай бұл Көкенді күйінетін.  
 Жұртымнан әділ сын мен баға алып,  
 Тыңдаушым риза болып сүйінетін.

Бір кезде рузайлық даңқым шыққан,  
 Мен емес айтыстарда ығып бүкқан.  
 Кездесіп ағын сөздің дауылына,  
 Атақты Сарыбас та бұлттай ыққан.

Жақсы істі жасырайын сенен несің,  
 Малшым бар Еңбек Ері қадірлі есім.  
 Келіп кет "Константинов" совхозына,  
 Үйретіп жіберейін тәжірибесін.

Сауықтар жалқы емес егіз тапқан,  
 Филипп пен Копылецім бағып-қаққан.  
 Сауыншы Мақсұтова ауданға аян,  
 Ағызып сүт булағын, орден таққан.

Семірткен жаз айында малды жайып,  
 Шамшырақ "Ждановта" Жолдыбаев.  
 Дeyді оны - "өзіміздің Самайбаев",  
 Сенбесең әдейі барып жолығайық.

х х х

Ортаға мен салайын міндеріңді,  
 Шығармай топ алдында үндеріңді.

Тұқымдык қорың тегіс күйылған жоқ,  
Көдерсің ертең қайтып күндеріңді?

Ақынм өзің барып байқадың ба,  
"Сырымбет", "Лавровка", "Шалқарында"  
Он он бес проценттен тұқымың бар:  
Сонда да басшыларың шалқарда.

Жетпейді механизатор кадрларың,  
Кеткен бе жұрт алдында кәдімлерің?  
Айта ғой "Кутузовтай" совхозында  
Қаншама тракторист әзірледің?

Білмесең мен айтатын жағдайыңды,  
Қағарсың қайран қалып таңдайыңды.  
Жетпейді жүзден астам тракторист,  
Қоспайың иесіз тұрған комбайнды.

Көшеде жүргендер көп елтең-селтең,  
Жұмысқа бүгін барса бармай ертең.  
Мұндайлар жүзден де әрі асып кеткен.  
Тізгін көрмей даңдайсып тасып кеткен.

Еңбекке не оқуға тарта алмай,  
Башыларың қалайша жасып кеткен?  
Құдыкен кездескенше екінші жол,  
Жырлайық кемістіктен табысты мол.

Тоқтатты Көкен сөзін осыменен,  
Тыңдаушы Көкше халқы риза бол!

1964 жылы Көкше ақындарының кезекті айтысы өтті.  
Бұл жолы Көкен Шәкеев Володар ауданының ақыны Кәрім  
Тақауинмен айтысты:

Кәрім:

Сайраған Айыртаудың ақынымын,  
Әділет адалдықтың жақынымын.  
Тайпалтып топқа түскен шешендердің,  
Өнерін көрсінші бір халқым бүгін.

Көктемде сел қопарған дауылдаймын,  
Шамдансам толас бермес жауындаймын.  
Кездеспей көптен жүр ем ақын Көкен,  
Шыға алмас асуыма тауыңдаймын.

Мен тыңның түлеп ұшқан түлегімін,  
Өлеңнің экскаватор күрегімін.  
Алдымен, халқым, сені құттықтаймын,  
Жырыммен қайнап шыққан жүрегімнің.

Өлкемнің он жыл толған өмірінде,  
Шоқтығым биік болып көрінді де,  
Қаптатып асыл тұқым мәл өсіріп,  
Жайқалтып егін ектім өңіріме.

Атырабын Айыртаудың көрсең бойлап,  
 Думандап еңбек қызып жатыр қайнап,  
 Қыры - орман, белдері - егіс, өңірі - өріс,  
 Байлығын халқым жатыр бүгін тойлап.

Екенсің өзің күрдас меніменен,  
 Сөзіңнің танысайын жөніменен.  
 Салып көр таразыға екі ауданды,  
 Аралап танысыпсың елімменен.

Көкен:

Өзің де сәлемет пе, ақын Кәрім,  
 Таңдантамы өнеріңе жұрттың бәрін.  
 Көкшедей көңілім кең айтса да,  
 Ақынның болмас дейді іші тарын.

Табыс мол биылғы жыл елімізде,  
 Гажап бар туып өскен жерімізде.  
 Коммунизм шыңына шыққан сайын,  
 Сан жетпес еңбектегі ерімізге.

Бірлігім шыңдалады жылдан жылға,  
 Түскенде мызғумаған талай санға,  
 Достық пен туыстықтың нышаны көп,  
 Біз өскен, біз игерген осы тыңда.

Жемісі сол достықтың қанат жайып,  
Туғызды ерлік істер таңғажайып.  
Бәріміз де партия жаршысымыз,  
Жақсыны жария ету бізге лайық.

Ақынға талпынбаса өнер қонбас,  
Қонса да тыңдаушының көңілі толмас.  
Жүрексініп отырсаң, бастап бердім,  
Шырқай бер, домбыра ая да, Кәрім жолдас.

*Кәрім:*

Айыртау, Шалқары менен Сырымбетті,  
Қай ақын болсадағы құрмет етті.  
Ақан мен Ыбырайдың қанатты әні,  
Ұятып тыңдаушысын тебіреңтті.

Өнердің бізде шалқып шыққаны бар,  
Жүлдегер жүйріктерді жыққаны бар.  
Көргенде ең дәулетін ауданымының,  
Өзіңнің ақын жаның ұққан болар.

Жыртулы 100 процент жерім дайын,  
Тазарған сабандардан егінжайым.  
Сапта түр темір тұлпар тракторым,  
Сақтаулы цистернада жанар майым.

Тракторист әрі ақын азаматпын,  
Жөнім бар жұрт алдында мақтанатын.  
Домбырам, штурвальді бірге ұстап,  
Үн қосып моторына ән салатын.



Көрдiңiз өзiм тұрған бөлiмшенi,  
 Жок онда жалқау менен ерiншегi.  
 Жiгiттер өз iсiнде маман болса,  
 Сауыншы еңбекте үздiк келiншегi.

Қаймықпай ақпан, қаңтар аязынан,  
 Еркежа тебiнге әкеп жылқы салған.  
 Шалдырмас жанасқанды, жарысқанды,  
 Жүз биеден жүз құлын аман алған.

Өмiржан, Бiркен сынды шопандардың,  
 Арала көршi барып отарларын.  
 Клевна жеңгейiмнiң сауған сүтiн,  
 Тартуға күшi жетпес о т арбаның.

Депiрiп жула тулап мақтанатын,  
 Мен емес мiнiм болса ақталатын,  
 Өлкеге, облыс түгiң болған аян,  
 Бөлiмше Байлин Нұрбай басқаратын.

Төсiнде алтын жұлдыз жарқыраған,  
 Барма едi Тұрлыбектей батыр ағаң.  
 Таңдаулы совхозымың бригадирi,  
 Халықтың мақтаншы асыл адам.

Биылғы Шатохиннiң сепкен жерi,  
 Үш жылдай асырайды, Көкен сенi.  
 Көрдiм ғой ауданыңның жыртықан эябiн,  
 Сапасыз тереңдiгi екi-ақ елi.

Өлеңмен желдей жүйрік қарыштадым,  
 Сенің де жарамайды қалысқанң.  
 Бермес ем сөзді кезек әкпелерсің,  
 Тыңдайық ауданыңның табыстарың.

Көкен:

Тоқтайың ауданының табысына,  
 Риза ғып жұмысының барысына.  
 Тартайың кесек-кесек жыл жемісің,  
 Ере алсаң жарар еді шабысыма.

Егіннен, Кәрім маған ере алмадың,  
 Көзіңмен көрмеген соң сене алмадың.  
 Он жеті миллион пұт астық бердік,  
 Сен мұның тең жартысын да бере алмадың.

Жәнелтіп Отаныма алтын дәнді,  
 Отырмын аңқылдатып жарқын әнді.  
 Жарыста үздік шыққан бес совхозым,  
 Орталық Комитеттің туын алды.

Училище табысын кім білмейді,  
 Диқандар өлкедегі шын бұл дейді.  
 Алды олар 60 центнер әр гектардан,  
 Ал сенің түсіңе де бұл кірмейді.

Жүргенде үлкен астық күресінде,  
 Жаңалық жақсы іс туды "Приишимде".  
 Курста оқып шыққан 22 қыз,  
 Шофер боп дән тасыды, білесің бе?

Малшыда толып жатыр жүйріктерім,  
 Дүрс кой әділ сөзге иліккенің.  
 Бізде бар Мырзат пенен Руменко,  
 Мұңайтпасов, атақты Филипптерім.

Жаз бойы жайылымда малды жайып,  
 Жарыста озып шықты Қазыбаев.  
 Атаңды бір совхоздың шамшырағы,  
 100 қойдан 120-дан қозыны алып.

Жоспарын ерте орындап сүт пен еттің,  
 Бұл жолы тағы сенен озып кеттім.  
 Айтайын, жасырмайын арнап келші,  
 Табысқа қолым жетпес қалай жеттім.

Айттыста ақын айтар барлық шынын,  
 Болып па ең "Салқынкөзде" бұдан бұрын.  
 Сапта тұр солдаттардай тарақтым,  
 Сенбесең өзің көрші бұрап бірін.

Мәнерлеп тіккен ісін өрнектеген,  
 Және бар тігіншіміз Ермек деген,  
 Әдейі комбинатқа соқсаң еді,  
 Жақсыны нақыл бар ғой "көрмек" деген.

Өсуде Мәдениет сарайларым,  
 Таңдантқан көргендердің талайларым.  
 Көбінің қызметі талапқа сай,  
 Қызықты әрбір күнім, әр айларым.

Көкшетау облысының ақыны Көкен Шәкеев пен Семей облысының ақыны Қалихан Алтынбаевтың айтқысы: Октябрь 1969 жыл, Алматы қаласы:

Көкен:

Қалихан, сенің өзің жүрсің бе есен,  
 Шігітсің естуімше сөзге шешен.  
 "Ерден ердің кемі жоқ" деген халық,  
 Ауыз сөзге келгенде кетпес есем.

Сайраған бір сақшаның бүлбүльміз,  
 Жол берген Компартия – ұлы көсем.  
 Біздерге атақ берген, бақыт берген,  
 Көп болмас миллион жылдар жаса десем.

Айтқысуға келгенде  
 Жеңілуді көрмеп ем.

Аттың басын

Асыл жол

Бірдей болсын сермеген.

Күші артықтың – ісі артық,

Ұша қоймас желменен.

Менің күшім – халықта,

Бірге болдым елменен.

Жақсы бастық кездессе,

Халқы болмас ермеген.

Халықтың жақсы белгісі,  
 Біздің берген астықты,  
 Он жылда елің бермеген.

Уа, келдің бе енді алшыңа Қалиханым,  
 Таң қалдыр өнеріңмен жұрттың бәрін.  
 Көгілдір экраннан кеше көрдім,  
 Бүгінде сол құлағыңда салған әнің.

Қалихан:

Қолыма он үшіннен домбыра алдым,  
 Кездесіп көрген емен тапшылыққа,  
 А, борасының солтүстіктің ойқастайын,  
 Жаманға үрей, жақсыға ой тастайын.  
 Айтыстың Рүстем дастан палуанымын,  
 Қалайша мына топта айқаспаймын.

Қалихан – менің атым, суырғып салма,  
 Бірі деп жай ақынның қапы қалма.  
 Қасыңа серілікке ерт Мусанды,  
 Жаның қысылып бара жатса алда=жалда.

А, жатып екі күндей бұқпантайлап,  
 Келген соң өңкей дәулер қауып ойлап.  
 Қырық жыл қырғын болса ажалды өлер,  
 Тәуекел шықтым міне белді байлап.

Айттыста ағат кетсем кешіріңіз,  
 Қажымұқан секілді екен кесіміңіз,  
 Жалғыз=ақ осы жұртқа ұнамай тұр,  
 Екі=ұшты Көкен деген есіміңіз

Еркек пе, әйел ат па Көкен деген,  
 Не нәрсе әрі=сәрі секендеген.  
 Бұл, Көкен=ау, шыққан затың кім болады?  
 Саялы қандай жерді мекендеген.

Қойды екен күдай атқан қандай молда,  
 Ат қойып бір тоқтыны жеді=ау сонда.  
 Кел, Көкен, есіміңді өргертелік  
 Қағазы ауыл – Совет біздің қолда.

Көкен:

Несі бар атым болса Көкен деген,  
 Шігіт емес сен бірақ бөтен деген,  
 Өзіңнен мені кемге санай көрме,  
 Мен өзіңдей азамат ойнап=күлген.

Бірақ та Қалихан жан, асып кеттің,  
 Өзіңше судай болып, тасып кеттің.  
 Бүгін емес, кеше мен шақырғанда,  
 Домбыранды алдың да қашып кеттің.

Ал, сен – жас, мен – кәрі бон қалғаным жоқ,  
 Айқаймен мені ұстайтын қармағың жоқ.

Түптен тартып орныңнан қозғалмайтын,  
Дәл өзімдей қарасам салмағың жоқ.  
Тым болмаса өзімдей палуан қолды,  
Қармайтын және сенің бармағың жоқ.

1971 жылы болып өткен облыстық айттыста Көкшетау ауданының ақыны Көкен Шөкеев пен Зеренді ауданының ақыны Жаналы Сәкеновпен кездесті:

Көкен:

Қанат қак, шарықта жыр, аспанға өрле,  
Жыр қозғар табыс та мол аспан-жерде,  
Орындап сегізінші бесжылдықты,  
Шарықтап бүгін жаңа шықтық белге.

Тоғызыншы бесжылдық басталғалы,  
Сенім мол жеңістерге бастар тағы.  
Ең еңбегі гүлденіп шешек атқан,  
Жайқалған коммунизм, достар бағы.

Ерлердің ерлігіне қызып кетіп,  
Арман не жырлап берсе қызықты етіп.  
Асау жырдың тежейін тізгінін мен,  
Жүрермін айтыс салтын бұзып кетіп.

Құлағым сенде, ақынм, жырға бас,  
Жеңем десең аямай сынға бас.  
Қара бастың қамы емес қорғайтынм,  
Кемшілікті жасырмай шынға бас.

Демессің бұл Көкенді сасып қалар,  
Мен емес әділ сынға жасып қалар.  
Қай жағымнан келсең де сөзім дайын,  
Мен солдат шүріппені басып қалар.



Жанали:

Саралап осы тайда табьсымды,  
Алдына ақтарамын бар ісімді.  
Өзіңіздей тарланға кез болыппын,  
Қорғайын енді бүгін намысымды.

Жазым жай, шалғыным мол, жерім қандай,  
Суым бар демім татсаң шыршын балдай.  
Тағы да тебіренші жыр әуенін,  
Көрейін, ақын аға, сының қандай.

Өтырсың. Көкен аға, мені сынап,  
Расы сының өтпес маған бірақ.  
Шаң жұтып келгенімде ауданыңнан,  
Қаласың Зерендіде аунап-вунап.

Көкен:

Ақындар дастан қылған Көкше жерін,  
Біржан сал, Балуан шолақ, Ақан серім.  
Мен дағы жырға қостым астанада,  
Көкшенің шалқар көлін, сары белін.

Айтсақа Алматыға барып едім,  
Жырыма арқау қылып Көкше елін.  
Шүйдесі Көкшетаудың биік болып,  
Тыңдаған таңдай қақты талай керім.

Қол соғып қошаметтеп барлық қауым,  
Шешкендей ақындардың көңіл дауын.

Сайыста шабыттана жыр етемін,  
Көкшенің бір ауданы – Көкшетауым.

Кетеді Көкше десе көңілім өсіп,  
Бау=бақша тұрған жоқ па Көкшемде өсіп,  
"Садовый" совхозының алмаларын,  
Облыс көлеміне болған нәсіп.

Бір кезде "алма жоқ" деп жүргеміз де,  
Қыс қатты "алма өспес" деп күлгеміз де.  
Алматы алмасынан айнымайтын,  
Қол жетпес қызыл алма іргемізде.

Жетістік жақсыға айтсаң, жағып кетер,  
Жөнің жоқ бізге кінә тағып кетер.  
Алманы айтқан кезде тамсандың ғой,  
Байқашы, аузыңнан су ағып кетер.

Өседі оwoц бізде – сәбіз, қияр,  
Мақтауыма қалай да менің сияр.  
Бұл салада біздерден асам деуің,  
Зеренділік ақынım құрғақ қиял.

#### Жаналы:

Келді ғой тағы кезек жырлайтуғын,  
Мініңді ашып айтып шыңдайтуғын.  
Мен өзім жас та болсам мінезім бар,  
Бас иіп жеңілем деп тұрмайтуғын.

Ақынны қабақ шытып қарамашы,  
 Осал деп өзіңізше санамашы.  
 Тақырға орын тепкен ауданыңды,  
 Жап-жасыл Зерендіге баламашы.

Есіңе түліктерді алмадың ғой,  
 Фермаға "Күсептегі" бармадың ғой.  
 Қыстың күні қораның суығынан  
 Дегбірі басшыңның да қалмады ғой.

Сыныма енді құлақ салмайсың ба,  
 Жарқын, сол совхозға бармайсың ба?  
 Жаз бойы шегірткедей ән салғанша,  
 Қораны жөндеп бүгін алмайсың ба?

Қираған көпіріңе төрт ай болды,  
 Қалайша көрмейсіңдер сендер оны.  
 Кей-кейде Красноярға сапар шексем.  
 Жағалап кетеміз-ау Қопа көлді.

Суық қол кейбіреуді көрмейсің бе,  
 Қылығын ондайлардың жөндейсің бе?  
 Жол берген ысырапқа басшылардың,  
 Жазасын жұрт алдында бермейсің бе?

Айтайын енді сізге ақыл, аға,  
 Көрсейші кемшілікті ақын аға.  
 Мініңді айттым біраз топ алдында,  
 Тағы да кезек бердім, қапы қалма.

Көкөн:

Сұрақ сөзді бастасам қоймайсың да,  
Сыныма шымып айтсам тоймайсың ба?  
Қағазға қарамаса қақалатын,  
Жалған ақын деп мені ойлайсың ба?

Бос сөзге, кешір, үйір екенсің де,  
Мақтаған Зерендінің көшесін де.  
Егілген бір тал шыбық көрінбейді,  
Басқа жерге әлде сен көшесің бе?

Сөзіңнің бірі сұрау, бірі жырау,  
Болмаса сөз таба алмай өлең құрау.  
Қолында жоқ кесеумен құр қамшылап,  
Өзіңе салып тұрсың тақым бұрау.

Зерендінің ақыны саналысың,  
Өз ойымша ойлап ем саналысың.  
Аталы сөзге әркім де тоқтаушы еді,  
Белгілі болған жоқ па жаралышың?

Көкен Шәкеев республикалық ақындар айтысында /1972 жыл/  
Талдықорған облысының ақыны Әбікен Сарыбаевпен айтысып  
былай деді:

Қолыма алсам домбыра,  
Жыр өтемін табысты.  
Қандай ақын болса да,  
Бермеймін қолдан намысты.

Ертіс, Есіл суындай,  
Сендетемін ағысты.  
Өз өнерін сынауға  
Болмай ақын қағысты.

Көкшедегі Көкенмен,  
Алматыда табысты.  
Арқау ғылып ел ісін,  
Мақтан қылып ер күшін.

Көтерем көкке бар істі,  
Жүйрікпен жүйрік жарысты.  
Жақындатып алысты,  
Қарсы отырған Әбікен.  
Мән бермей сөзге қарысты.

Ақындығым құрысын,  
Үдетпесем табысты.

Тасқындатып, селдетіп,  
 Келді міне елеңім.  
 Біледі Көкен ақынды  
 Көкшетаудың көлемі.

Мен мақтасам ерлерді,  
 Еңбегіне таң қалған.  
 Тойда, топта бәйге алған,  
 Кәрінер сөзім өрелі.

Табысым бар келелі  
 Әлі де мол берерім,  
 Сөз білетін азамат,  
 Бәре жатар төрені.

Мақсыларды жақтайық,  
 Үлгіліні мақтайық,  
 Бізге сенім артқан соң  
 Сенімдерін ақтайық.

Өсіресе жастарды,  
 Жаста болса бастарды.  
 Космонавтай баптайық!  
 Жасы үлкен ағаны.

Халықтан алған бағаны  
 Кір келтірмейтін сақтайық!  
 Ағаға теңдес жеңгені,  
 Еліме үлгі еңбегі.

Көкен мен Құдайберлі

=====

/ Сыйласу/

Құдайберлі Мырзабеков - 1964 ж. Көкшетау облысы, Көкшетау ауданында туған. Көкен Шәкеевтің айтыс өнеріне баулып жүрген ең жас шәкірті.

Көкшетау және Торғай облыстарының телевизиялық айтысында жеңімпаз атанған. Мамандығы жылқышы.

Құдайберлі

=====

Өзіңсіз өнердегі бәйтерегім,  
 Мен сізсіз тұл болар ма ем қайтер едім.  
 Осы бір санамдағы ойларымды,  
 Қопарып сыр сандықтан қайта еледім.

Шағында дамылдаған өрде бүгін,  
 Шыққанда болашақ деп төрдегі үнің.  
 Сыйлапты өнер сізге бір арманды,  
 Иісі айықпаған жөргегінің.

Ғұмырлық сіз - ұстазым, сіз - мектебім,  
 Санам ұлығатыңды тізбектедім.  
 Жоқ қарап жанарыңыз шаршағандай,  
 Көз сүзіп әлде кімді іздеп пе едің.

Жарасқан жақсылармен жаны ізгісіз,  
 Біреуге сізде мүмкін қарызбисіз.

Қарасам әкім шалған жүзіңізге,  
Көбірек толғанатын тәріздісіз.

Мақсатым елім артқан сенімді ақтау,  
Дәстүрлі ақындықтың салтын сақтау.  
Бұл менің сізге деген разылығым,  
Ұғыңыз күр өтірік емес мақтау.

Көкен:

Мақтаудан аузым мықтап күйген жанмын,  
Жақсыны жанымменен сүйген жанмын.  
Түлкідей қылмаңдаған біреулердің,  
Зердеме мінездерін түйген жанмын.

Өмірге қарыздармын келгеніме,  
Жастардың қарыздармын ергеніне.  
Отанға қарыздармын өлеңімен,  
Бір нүкте сала алмасам өрнегіне.  
Өзіңе қарыздармын айналайын,  
Шәкірттік жүрегіңді бергеніңе.

Сұраған ақыл-кеңес деймін дұрыс,  
Ол дағы ақындыққа бетті бұрыс.  
Ден көрме "біліп болдым, іліп болдым,  
Білгеннен үйрене бер келмей қырыс.  
Аулақ жүр қисық сөзден ұлым – Құдаш,  
Деген бар "жақсы лепес жарым б ұрыс."



Не барын айтсам балам елегенде ой,  
 Көп жылдай іздегенім сен едің ғой.  
 Шәкеннің аманаты мойнымда,  
 Шынымен кеткені ме деп едім ғой.  
 Сол кезде кедешегім өзің болып,  
 Көкенді қуанышқа кенедің ғой.

Жастығым жиырма жасым майданда өткен  
 Домбыра – автомат боп ойран еткен.  
 Жүзе алмай дариясына өлің-жырдың,  
 Шалшықта шалпылдама қайраңда өткен.

Сен менің мақтанышым алпысымда,  
 Өмірің өлең болып шалқысын да.  
 Көтерсе өсіп, кемітсе әше көрме,  
 Түскенде талай қазы талқысына.

Құдай берлі

=====  
 Мен сізге кезігіпін алпысыңда,  
 Өренің сөзіді естіп шалқысын да.  
 Сынаптай ауырылған жүйрік едің,  
 Дүбірлі ақындардың айтысында.  
 Талаймен жолдас болып сырластыңыз,  
 Осынау от өмірдің әр түсінде,

Өзінсіз пір тұтатын ақылгөйім,  
 Сіз деп үккам тұлғалы ақын дейін.  
 Өрі сөзің кеудесінде қоныс тауып,  
 Балқытып шәкіртіңнің жатыр бойын.

Сеніммен домбыранды сыйладыңыз,  
Көркейтү деп өнеріңмен ғасыр тойын.

Үмітпен сеніп жүрсіз жалғасын деп,  
Жалғасын ізденуден талмасын деп.  
Келесіз шар болаттай шыңдауменен,  
Мұқалып өткірлігі қалмасын деп,  
Өресін біліміңнің байқататын,  
Сөземін тосып тұрған алда сын көп.

Тисін деп мұны айтпаймын сөзге себі,  
Түйсігім бұдан бұрын өзгеше еді.  
Сапары өзіңізбен тоғыспаса,  
Шәкіртің көп нәрсені сезбес еді.  
Өлі де ұстағынан алары көп,  
Берсе де үсті=үстіне безбес еді.  
Осы ой мазалап жүр көптен мені  
Қандай=қандай ақындар кездеседі?!

✓ Көкен:

Ақындар нешік түрлі кезігеді.  
Қырғидай кейбіреуі тез іледі.  
Жаттанды түбі тайыз кейбіреуі  
Көңілге айтпаса да сезіледі!

Бір "ыңылды" бес минут созатын бар,  
Сөздіктен сөз құраумен тозатын бар.  
Жаттанды сөз, жарқырақ теңеу іздеп,  
Қолдаумен, қамшылаумен озатын бар.

Мен бас иген ақындар суырып сап,  
От шашып, жалын бүркіп қозатындар.  
Орынбай, Шәкен ақын пір тұтқаным,  
Өмірде өзіме тән өз атым бар.

Сөз шіркін дуылдатып келгенде үдеп,  
Бір минутта екі есе соғар жүрек.  
Қарсыласың тең келіп қағысқанда,  
Сезінесің өзіңді көңілдірек.  
Қамшыласаң қозғалмас қарсыласқа,  
Асқақ көңіл қалады мүлде жүдеп.  
"Көп сенімі тұрады мойнымда,  
Палуандай шыққанда түріп білек.  
Елестеп көз алдына ел мен ерлер,  
Өленді бүрқыратсаң қардай күреп.  
"Еруліге қарулы" дегендейін,  
Өткір сынмен кей кезде қойсаң іреп,  
Жеткізсең жетістікті тыңдаушына,  
Елдігіңе ерлігің болып тірек.  
Жақсы ақынмен жарасып айтсақанда,  
Жасарасың қырандай жаңа түлеп,  
Сенің де безгенің жөн жаттандыдан,  
Ақыннан кеуде керткен көкті тіреп,  
Жарай біл дамаһыңның кәуесіне,  
Қашан да тілейтінім осы тілек.

Құдай бергі

О, ақылшым, мың алғыс кеңесіңе,  
Көз тоқтаттым көп жайдың елесіңе.

Ойыңды зорлі сөзбен мүсінделген,  
Қалтқысыз жеткізормін келесіге.

Үніңіз тыңдаушыға жылы естіліп,  
Жүре бер ел тілегін ілестіріп.  
Өтермін мен де сіздей әлеңменен,  
Кәусарін жүрегімнің үлестіріп.

Көкен

Айттыста алда талай жалынбайсың,  
Сеземін бас имейсің жалынбайсың.  
Сен менің үміткерім, келешегім,  
Сен менің кеудемдегі жанымдайсың.

Шәкіртім бар, халқыма жүзім жарқын,  
Отырам тілеуіңді тілеп әр күн.  
Көрсө шіркін өзінді, көре алмады=ау,  
Егізімнің сыңары Мұса – марқұм.  
Әр сөзімді ұғынғай "ақ батам" деп,  
Өнеріңнің бағасын берсін халқың.

Маманов Хайдар мен айтс

=====

1984 жыл

/ Кеңекеннің 100 жылдығы/

Уа, Ассалаумағалайкөм, қалың қауым  
 Тілеймін еңбек, бірлік, денің сауын.  
 Алқалы той жиынға келгенен соң  
 Әр қашан өздеріңіз сөз арқауым,  
 Қырандай өлеңімді ұшырайын  
 Сыпырып аяғынан балақ бауын,  
 Серпіліп, сәлемдесіп бір алайын,  
 Бастамас бұрын айтс сөздің дауын,  
 Биылғы көктем егіс күтты болсын,  
 Өрденді обильсым Көкшетауың!

Тасытқан ел байлығын берекесін  
 Дегізіп "Қазақстан ел екенсің"  
 Советтер елі болып атай өтті  
 30-жыл тың игеру мерекесін

Дән алып миллиард пұт мыңыменен  
 Халыққа қажеттілік күныменен.  
 Әйгілі жер жүзіне Қазақстан  
 Дән мен ән, игерілген тыңыменен  
 Күн сайын жаңа табыс, жаңа жарыс  
 Демейміз тоқталайық мұныменен  
 Кешегі пленумың шешімдері  
 Жобаны сызып берді сыныменен  
 Жасасын компартия қол басшымыз  
 Халыққа қамқор болған шыныменен.

Бөленген шын бақытқа қазақ елі  
 Тасқындап күн-күн сайын еңбек селі.  
 Жасасын үлесі мол димаш аға,  
 Атанған үш мәртебе еңбек ері  
 Қазақ десе Қонаев қоса айтылған,  
 Заманның өзім көрген көмеңгері.

Уа, Астана тұрғындары асылхалқым,  
 Қарсы алар, ақындарды дәстүр салтың.  
 Ленин орденімен наградталған  
 Алматы күтте болсын атақ даңқың!

Заман мен бірге соғар етжүрегім,  
 Тыныштық, бейбітшілік бар тілегім.  
 Қамқоршым партия саясында,  
 Өзімді бақыттымын деп білемін,  
 Өткердік басымыздан тарих сынын  
 Енді біз естімейік соғыс үнін  
 Тілегім  $\zeta$  40-жылдықты аман көріп,  
 Тойлайық бәрімізде жеңіс күнін.

Отырмын бүгін толқып ой үстінде  
 Шырқайын Кенекемнің тойы үстінде,  
 Шырқамай не болыпты, тұрғанында,  
 Боз торғай жұмыртқалай қой үстінде.

Тыңдаған Кенен әнін халқым сүйіп,  
 Үсынған қолым жетпес сіз бір биік.  
 100-жылдық тойыңызды тойлау үшін,  
 Көкшедегі келдім сізге басымды иіп.

Мәтін су Қазағымның жер үйіне  
 Кенекем сөз зергері, ән биігі.  
 Атаһып 10-жасында әнші бала  
 Қыраны Алатаудың "ақынға."

Уақыт айлап,, жылдап ғасыр өтер,  
 Дүниеден жасықта өтер, асылда өтер.  
 Өлмейтін Кенекемнің әнмен жыры,  
 Халқымен ғасырларды басып өтер.

Сөзімнің осы болсын бастасы  
 Уа, Қандар, аға сөзің қосташаңсы  
 Құмартып ақындарын тыңдасыншы,  
 Қазақтың кеңпейілді астанасы.

Ойлама кетеді деп кезек бермей,  
 Қаларсың қызып кетсем шаңыма өрмей.  
 Шырқашы домбыранды қолыңа ал да,  
 Отырсаң елегізіп құлақердей.

## II

Мен емес айтысыңнан жасқанатын  
 Айтулы болмасақта асқан ақын.  
 Талдықорған елінен ақын шықса,  
 Не болған Көкшетауға бас салатын.

Айтсып Біржан Сара ертеде өткен,  
 Өнердің энегесін әрге өрлеткен.  
 Мен өзім Әбікен мен айтқышай,  
 Он екі ақ жыл больше биыл көктем  
 Жар салып аға=ініңді тегіс жина,  
 Бір жолата бар болса ақын=төкпең.

Талдықорған меніңде мақтаным,  
 Бризамын жыр тербетіп жатқаны үшін  
 Бір сен емес еліме мақтан болған,  
 Нуримолда – ілекеңдерді тапқаны үшін  
 Ел ортақ, өрлер ортақ, еңбек ортақ  
 Мен емес кемітетін елдің ісін.

Білерсің Есенжанов Мүсірепті,  
 Көп жылдар сіздің жақта қызмет етті.  
 Ұстазым, тәрбиешім жас кезімнен,  
 Атанған нағыз кісі әділетті.

Жекеленбей сондықтан жарыс бүгін,  
 Ертерек шықпасада жарыста үнің.  
 Ұсақ сөзге қайтесің үйір болып,  
 Өлеңнің тақсаң бұрын галустігін.

Бөленген жұпар иіс бақша=бауға,  
 Арқада жер жеппеген Көкшетауға,  
 Сырқатқа шипа болған таза ауасы,  
 Күш=қуат, жігер берген дені сауға.



Тұрғанда билей-төстей патша залым,  
 Әсемге аты шыққан Шоқанғалым,  
 Аспанда аққан жұлдыз сияқтанып,  
 Достыққа, болашаққа қайды жанып.

Тағы да ерте татқан өмір нәрін  
 Аяққа басқызбаған адам арғын.  
 Көкшеден от-жальынбай өсіп мықты  
 Куйбышев Валериян жеке дарын.

Егерде білгің келсе асылымды,  
 Атайымн Өбілхаир Досавымды,  
 Жас совет өкіметін орнатысты,  
 Үлгі етер аға ұрпақты осы күні.

Атанып өннің елі, жердің елі,  
 Тамсантқан галайларды көкше жері.  
 Біржан-сал, Балуан шолақ, үкілі Нбырай,  
 Атақты Орынбай мен Ақан сері.

Солардың көзін көріп, ізін басқан,  
 Жақан мен Жумағали еді - ау дастан.  
 Атамай қалай өтем Шәкенімді,  
 Тайқырлық ұшқыр он мен жұрттан асқан.

Бердіңде ағалардың жолын қуған,  
 Рамазан, Ермек пенен Ләззат туған.  
 Шахмет, Есағандай қаламгерлер  
 Көкшеде кіндік кесіп, кірін жуған.

Халқыңа аяқтастан берген бағын,  
 Шегі Ер мөлтім, Ғалым дарын.

Қ  
 Мұқатай, Негметжан, Айқындарым,  
 Бәріде бір ауылдан шыққан ғалым.

Көкшеден қанат қақты Еркеш ақын,  
 Сәкен бар шығармасы болған жақын.  
 Айтскер Мұса ақынды ұмытпаймын,  
 Атасы Бобрайдың қуған салтын.

Меніңде өнерімді көрсін халық,  
 Құрбымнан көрген жоқпын кейін қалып.  
 Бірі дей жәй ақынның ойлай қалма,  
 Суырпы салма екенім жұртыма анық.

Алда да әлі осындай жиын болар,  
 Ащы сөз айтпағаным сиым болар.  
 Терің бар алынбаған жас жігітсің,  
 Ағаңды жеңе қою қиын болар.

Жарасар тау орманы тасыменен  
 Ақындар толығады жасыменен.  
 Біздегі жас жігіт ек шау тартыппыз,  
 Келгенім төртінші айтыс осы к менен.

Өкінбе дей көкенді жеңе алмадым,  
 Мен сенің кей сөзіңе сене алмадым.  
 Білушем көп ақынды айттыстарда,  
 Япырмай сені нағып көре алмадым.

Қамшылай өзіңді өзің айдаған мен  
 Сөзіңді жеңемін деп сайлаған мен.  
 Арқауь адамзаттың алтын астық,  
 Қызылша нан болмайды шайнағанмен.

Ден ортақ, әнде ортақ, сәнде ортақ,  
 Сен Жетісу, мен арқа жайлағанмен.  
 Сөз кезегін тағыда саған бердім,  
 Май шықпас қара судан қайнаған мен.

### III

Уа, Елінің Талдықорған Қайдарысың,  
 баспа қойып жүрген айдарысың.  
 Елім түгіл өзімді жаңа көрдің  
 айтатын ойдан тапқан қайдағысың.  
 Өз кәңілім айтпаушы ед кейбіреулер,  
 Сөз етіп қайдағы мен жайдағысың.

Бұрын топқа түспеген Қайдар едің,  
 Сөзден ұтсаң әрине жайнар едің.  
 Жастар үлгі алатын аға болдық,  
 Жастау болсам тіліңді байлар едім.  
 Құрдас болсаң құрсаулап шеңбер салып,  
 Жырымның қамшысымен айдар едім  
 Қайтейін оның бірі сен емессің  
 Ініге Ілтипатшы жайдары едім .

Онанда жыра, қайал -арасанды"  
 Үлгі өтеу еңбек =бірілік тамашаңды.  
 Айтарым ақылымда=нақылымда,  
 Сөз өтпе ұсақ=түйек аласаңды,  
 Көтерейік сөз салтын, елдің даңқын,  
 Үлкенді сыйлау, кішіге жарасады.

Мен мақтасам елімді,  
 Айтамын шалқар егінді  
 Мыңғыраған малым бар,  
 Ет пен сүтім берілді.  
 Саулықтардың соңынан  
 Қозғалары ерілді  
 екі жылда алмайсың  
 биылғы алған төлімді.  
 Саясы бар мақтаймын.  
 Сексен - тоқсан келімді,  
 білмейміз біз сендегі  
 Бетеге, селеу, шөліңді.  
 Балуардан шалғыным,  
 Шауып алдым шөбімді,  
 Молайту үшін азақты,  
 Сүрлемдік дақыл себімді,  
 Қораларым әзір тұр,  
 Қол еңбегім жеңілді,  
 Алдағы қыс малшылар,  
 Өздеріне сенімді,  
 Мыңдай санап беремін,  
 Еңбектегі ерімді  
 Кемінде биыл жүз пұттых  
 Астықтан алам өнімді!

Өлімәтті сөн өтсе  
 Кеспесінде қан шығар,  
 Біз шығарған таразы,  
 Қырмананда бар шығар,  
 Орақтағы шығында  
 Сақтайтында сол шығар,  
 Қажет болса сатып ал,  
 Егінің биыл мол шығар,  
 Өзіңнің шамалы,  
 Қамданғаның жөн шығар.

Дәрігерге қажет құралды,  
 Шығарады қаламыз,  
 Ондаған түрін оныңда,  
 Сәндерге де табамыз.  
 Әрине тегін бермейміз.  
 Қайырыммен аламыз  
 Жолдастық хақы деген бар  
 Әр дайым солай боламыз,  
 Фурфор завод салынып,  
 Іске асып жатыр жобамыз,  
 Радиозавод іргесін,  
 Келер жылы саламыз,  
 Қарада тұр құрылыстан  
 Бір-ер жылда озамыз.  
 Молайар табыс алдында  
 Төрт түлікті малданда  
 Бәршағыңызға тілеймін  
 Бейбітшілік жалғанда.

Сөз қуылып келеді  
 Уақыт бітіп қалғанда  
 Қайдар інім өкпелей  
 Қарса алмай жүрме ағанды,  
 Еліңе ертең барғанда!

### Соңы

Уа, халайық, халайық,  
 Ойланай бір қарайық.  
 Мына өмірдің қызығы,  
 Айтуға бізге алайық,  
 Айта алмасак егерде,  
 Ақандауға сол айып,  
 Биылғы жыл қайткенде,  
 Астықты мол алайық,  
 Орақтағы табысты  
 Миллиардпен санайық.  
 Күттіктасын тағыда  
 Димаш=аға КУНАЕВ  
 Талабына партия  
 Блайықты болайық.

Заманымы тыныш тұрғанда,  
 Толысайық, толайық.  
 Білімізді көркейтіп  
 Гүл бақшаға орайып  
 Алдағы болау сьезге  
 Зор табыспен барайық.

Көріскенше күн жақсы

Қызықпенен тарайық.

Көнеқосмнің тойының

Қызығына қанайық.

Ал қазірде қалайық.

Ақындарға сөз беріп,

Қызығына қанайық.

Бүркіт Бекмағанбетовпен айтас

=====

Уа, халқым, асыл халқым: асқан халқым,  
 Табысың дариядай болғансоң жүзің жарқын.  
 Достықтың, туыстықтың, туын тігіп,  
 Аралап жердің жүзін кеткен даңқың,  
 Ассалаумағалайкөм , астанамыз,  
 Қабыл ал, ұмытпайын ақын салтың!

Жерді игеріп, аймалай айды күшқан,  
 Барлық ұлт аға=іні бір туысқан.  
 Шашуым жүрегімнен шыққан жырым  
 Тойына 60=жылдық Қазақстан.

Ақындь ардақтайтын қазақ ені,  
 Дән мен өнді, құрметтер барлық жері  
 Байлығы асын=тасқан жыр сияқты,  
 Көрші енді, болмай ақын, болмай сері.

Басталау сол байлығым астанадан  
 Үздік тұр, бар жағдайда басқалардан.  
 Табысым елім түгіл, шеткеде аян  
 Мен кімнен бой тасалап, жасқана аламы.

Қарасам орталықта Қарағанды,  
 Атыда ерте кезден тарағанды.  
 Қазағым аты шығып Байқоңырмен  
 Космостық ерлігімен бағаланды.



Кеп сар бар, Жамбыл, Шымкент, Өскеменде,  
 Өркендеп өндірісі өскен елде.  
 Шынымен мұның бәрі жарасады,  
 Бір кезде түйе жөгіп көшкен елде.

Гурьев, Маңғыстау мен Қызылорда,  
 Балық, Мұнай, күріш біздің қолда.  
 Атасы ақ тартының Ақтөбеде,  
 Оралым байлық күте, қалмас жолда.

Ойласам Талды=қорған, Семейімді,  
 Еріксіз жар кернейді көмейімді.  
 Белгілі Павлодар тракторы,  
 Еске алып тағыда айтып беремінді.

Мезқарған жойрамымен жарасады,  
 Бұған кім "жас отау" - деп таласады.  
 Болмаймы мың айналшам заманымнан,  
 Өзгерткен биік қылып аласаны.

Егерде айта қалсам ебін жайын,  
 Дайын тұр Целиноград, Қостанайым.  
 Және бар Торғайым мен Солтүстігім,  
 Бәлектеп Көкшетауды тастамайын.

Астықтан зор сенімді ақтағаным  
 Отанның ар=намысын сақтағаным.  
 Біздерді "тың игерген шын батыр" - деп,  
 Леонид Ильич өзіде мақтағанды.

Ылайық сол мақтауға еңбегім бар,  
 Жарыста талай рет жеңгенім бар.  
 Отырмыз алтын дәннен тау тұрғызып,  
 Миллион, миллиардты теңгеріп ай.

Теңселеттім тың даланы шабысыммен,  
 Орақта еңбек еттік намысыммен.  
 Қазағым құттықтаймын өткен күзгі  
 Асырған миллиард пұтты табысыңмен!

Алпысқа жеделдетіп келгеніңмен,  
 Жазбаймын қия басып көргенімнен.  
 Туған жер, өскен елім Қазақстан  
 Тағыда құттықтаймын орденіңмен.

Несі төрт орденнің Қазақстан  
 Жаңылма сол табыстан, сол шабыстан,  
 Астығың асып шықсын, биыл тағы,  
 Біздегі құр қалмаспыз бар алғыстан.

Көкшенің миллиардты күресі бар,  
 143 миллион пұт үлесі бар.  
 Ақынım астанада ән салғанша,  
 Біздерге ең алдымен ілесіп ал.

Өмірдің өлең деген айнасы деп,  
 Жариялауға жақсы істі пайдасы көп.  
 Қос тойға жырдан шашу-шашу үшін,  
 Шақырды астанамыз қайдасың деп.

Халыққа ұсынайық өлең гүлін  
Білгенге өлең өнер, өлең білім.  
Кезек күтіп тықыршып сен отырсың  
Жырлай бер, домбыра алда ақын інім.

## ТОЛҒАУ

Ал, домбырам бейне космос корабілі,  
 Ақынның космонавтай менде бірі.  
 Ғарышта қарнштамай дүрілдетіп,  
 Жырлайын отандағы табысты ірі.  
 Айттысың ғарышына ақын шықса,  
 Кембе екен Космонавтан соның түрі.

Жырламай космостағы жұлдыздарды,  
 Жырлауға жерде жетер өмір бүлі,

Жырима елім менің негіз десем,  
 Өр дайым достық – еңбек егіздесем.  
 Қолыма домбыра алып көрегіне  
 Халқымыз "Бәрекелді" дегізбесем.

Тыңдаушым бүгін менің асыл халқым,  
 Жасыннан сыйлайтуғын дәстүр салтым,  
 Сіздерге бейбіт өмір тілейтінім,  
 Еңбекте жүздеріңіз болсын жарқын.

Астанама басын қосты ақындардың  
 Орындап партияның нақылдарын  
 Арқау ғып еңбек, бірлік, достық жайын  
 Жыр етіп беруімді мақұлдадың.

Табыс мол болған менен мақсат биік,  
 Бірлестік саусағындай алған түйіп.  
 Көкшеден көкке өрлеген сәлем алып,  
 Қорытып ел байлығын келдік жиып.

Иілген егін жайдың масағындай,  
Сіздерге тағзым етем басымды иіп!

Уа, биылғы жыл ерекше болды басқа,  
Шыдарма ақын көңілі жырламасқа  
250=жылдық достық тойы  
СССР биыл толды 60=жасқа.

Елімнің қуанышта кәрі=жасы.  
Тоғысқан 90=ұлттың ехласы.  
Ер еңбек, достық, бірлік, ұйымшылдық,  
Арналысын соған ақын, ой=арнасы.

250=жылдық достық тойы,  
Үлкен аға орыстың озық ойы.  
Еңбекте серік, соғыста берік болып,  
Келеміз жұп жазбастан өмір бойы.

Достық пен туысқандық мерекесі,  
Дәулетке шалқып=толған берекесі,  
Тойында 60=жылдық СССР=дың,  
Ақындар жыр толғайды ел еркесі.

СССР ұлы Октябрь жалғасындай,  
Гербтің орақ пенен балғасындай.  
Совет халқы, ел даңқы қалыптасқан,  
Көп ұлттың бірақ белгі таңбасындай.

СССР ұлт саясат салтанаты  
 Партия – халық пенен егіз аты.  
 Бір тұтас шаруашылық комплексі,  
 Кемеңгер ұлы Ленин жазған қаты.

Ұлт пен ұлт бауырласып қалыптасқан,  
 Халқымыз бір семья қауымдасқан.  
 Бейбітшілік ұранын берік ұстап,  
 Кей елдің сергелдеңшіл дауын басқан.

Ілімі ұлы Ленин арнау сөзі,  
 Тарихта кемеліне келген кезі.  
 Партия халқыменен бірге болып,  
 Қауымға қуат берер қайнар көзі.

Қазірде социализм кемелденген  
 Ұлттар жоқ бір-біріне теңелмеген.  
 Қуаты біздің елдің бірлестікте,  
 Жаудыңда жаны шыққан жеңем деген

Жеңістің, еңбек пенен 60-жылы,  
 Арналды соған орай ақын жыры.  
 Жыл сайын тола берсін, бола берсін,  
 Қарсы алсын табыс пенен халқым мұны.

Келейін енді айналып әріптесім,  
 Кешіксем әріптесім етер кешім,  
 Халқыма арнау айтпай тұра алмадым,  
 Тағыда "жыраусың" дер десе десін.

Бейбітшілік белгісі жерде ұшырды,  
Шын достық, туысқандық сырды ұсындым,  
Тіл сөйлеп көңіл қалай шарықтамас,  
Тойында 60=жылдық СССР=дың.

Уа, сіздіңде қуанышты болсын бірге,  
Айтысты келтірейік жаңа түрге,  
Сайрап қал, сандуғаштай қарындасым,  
Қарағым бердім кезек сіздің тілге!

Айтыстарды еске алу

=====

Айтыста талай ақын кездеседі  
 Тыңдаушы жан күйерлер "тездеседі  
 Болғанда тілің мұлтқ, мешенің сөз  
 Түгенше сөздің оғы кездеседі.

Кейбіреу, көздемей=ақ атқылайды,  
 Өз санын, өзі соғып шапқылайды.  
 Сол кезде жандай=жақтар дүрілдесіп,  
 "Жүйрік" - деп , "жел жетпейтін" датқылайды.

Кездесер Абай айтқан "Құрау=жырау"  
 Мақсаты жеңемін деп жоқты сұрау.  
 Толтырып, тоқтатам деп табаққа үйіп,  
 Шіркін=ай, қыласысың қылып тұр=ау.

Айтыста кездестірме пейілі тарға,  
 Қарамас "лақап" - үшін ұят=арға,  
 Арыңа қарамасаң, алысқан мен  
 Көрінерсің өзің қораш, сөзің шарға.

Арман не шын жарыссаң жүйрікпенен  
 Жел сөзге, граниттей илікпеген,  
 Қайтарып сұрағына, жауап беріп,  
 Үлгі алсаң, ұлағатты, билікпенен.



Қалихан, Өбікенмен сондай еді,  
Тың толғау, жүрек тілмес, жондай еді.  
Өлеңмен ебін ж тауып ерітпесең,  
Илікпес, бұрасаңда сондай еді.

Екеуі күрбем менің қарсыласым,  
Халық айтар, кімдер төмен, кімдер басым,  
Тілегім сондайларға жол ашылып,  
Өлеңнің, өрлетсе екен өрге тасын.

## ТОРҚАЛЫ ТОЙҒА

1980 жылы Алматы қаласында өткен республикалық ақындар  
айтысында айтқан 60-жылдық "Торқалы тойға"

Уа, халқым, асыл халқым, асқан халқым,  
Табысың болды дария, жүзің жарқын.  
Достықтың, туыстықтың туын тігіп,  
Аралап жердің жүзін кеткен даңқың.

Ассалаумағалайкүм, астанамыз,  
Қабыл ал шын жүректі ақын салтын.

Жерді игеріп, аймалап Айды күшқан,  
Барлық ұлт аға=іні, бір туысқан.  
Шашуым – жүрегімнен шыққан жырым,  
Тойына алпыс жылдық Қазақстан.

Ақынды ардақтайтын қазақ елі,  
Ән мен дәнді құрметтер барлық жері.  
Байлығы асып тасқан жыр сияқты,  
Көрші енді болмай ақын, болмай сері!

Басталар сол байлығым астанадан,  
Үздік түр бар жағдайда басқалардан.  
Табысым елім түгіл шетке де аян,  
Мен кімнен бой тасалап жасқана алам?

Қарасам орталыққа Қарағанды,  
Есімі ерте кезден тараған=ды.

Қазағым аты шығып Байқоңырмен,  
Ғарыштық ерлігімен бағаланды.

Көп сир бар Жамбыл, Шымкент, Өскеменде,  
Өркендеп өндірібі өскен елде.  
Шынымен мұның бәрі жарасады,  
Бір кезде түйе жегіп көшкен елге.

Гурьев, Маңғыстау мен Қызылорда,  
Балығы, мұнай, күріш - біздің қолда.  
Атасы ақ тарының Ақтөбеде,  
Оралым - байлық күты қалмас жолда.

Ойласам Талдықорған, Семейімді,  
Еріксіз жыр кернейді көмейімді.  
Белгілі Павлодардың тракторы,  
Білмесең, мұны да айтып берейін де.

Жезқазған, Жайрамымен жарасады,  
Бұған кім жас отау деп таласады.  
Болмай ма мың айналсам заманымнан,  
Өзгерткен биік қылып аласаны.

Егерде айта қалсам егін жайын,  
Дайын тұр Целиноград, Қостанайым.  
Және бар Торғайым мен Солтүстігім,  
Бөлектеп Көкшетауды тастамаймын.

Астықтан зор сенімді ақтағанмын,  
 Отанның ар-намысын сақтағанмын.  
 Біздерді тың игерген шын батыр деп,  
 Леонид Ильич өзі мақтаған=ды.

Лайық сол мақтауға еңбегім бар,  
 Жарыста талай рет жеңгенім бар.  
 Отырмыз алтын дәннен тау тұрғызып,  
 Миллион, миллиардты теңгеріп ап.

Теңселттім тың даланы шабысыммен,  
 Орақта еңбек еттім намысыммен.  
 Қазағым, құттықтаймын өткен күзде,  
 Асырған миллиард пұттан табысыңмен.

Иесі төрт орденнің Қазақстан,  
 Жаңылма сол табыстан, сол шабыстан.  
 Өмірің өркендеген нұр жайнасын,  
 Келешек күр қалмаспыз ақ алғыстан.

Елім келді алпыстың асуына,  
 Табыспен халқым тойға асығуда.  
 Адамзаттың арқауы – астық пен жыр,  
 Арналысы осы тойдың шашуына.

Айтыстан кейінгі ойлар

Атандым ақын болып мен жасымнан,  
 Қолыма домбыра алдым он жасымнан.  
 Алпысты ерттеп мініп отырсам да,  
 Серілік кетпегендей өз басымнан.

Өлі де ән саламын, күй төгемін,  
 Живылған топ ішінде жыр төгемін.  
 Жақсыдан қалған сөзді мирас қылып,  
 Шын досқа ақтарылып сыр төгемін.

Өрқашан білімдігіе жүрдім жақын,  
 Ешкімге кеткен жоқ=ты менің ақым.  
 Кішіге аға болдым, үлкенге – іні,  
 Атанып жүрсем дағы "Көкен ақын".

Болдым мен айтыстардың талайында,  
 Бойымда өнер барда қалайын ба?  
 Азды=көп денсаулықтың арқасында,  
 Халқымның кәдесіне жарайын да.

Талайдың шақыруын қарсы алғанмын,  
 Алдыма айтыстарда жан салмадым.  
 Қызылжар, Омбы менен Москваның,  
 Осындай студиясынан ән салғанмын.

Үш келдім Алматының айтысына,  
 Ақынның жолықсам да қайсысына.

Бетімнің әлі күнге қайтқаны жоқ,  
Дайнымын әлі де болса сайыдыңа.

Алматыда айттысым биыл дағы,  
Алпыс жылдық тойымыз жиындағы.  
Шалдырмадым жастарға қарасымды,  
Қанаттанып қырандай қиырдағы.

Манап ақын, Надежда, Шолпандарым,  
Ақындардан үздік болып шыққан дарын.  
Құрметті атақ берді үкіметім,  
Құттықтаймын, сол үшін мұның бәрін.

Азырақ сөз берген соң шалқып кеттім,  
Қадірлеп шақырған соң балқып кеттім.  
Жазылмай көптен бері жүріп едім,  
Байлаудағы тұлпардай тарпып кеттім.

Еске алам басқа да ақындарды,  
Боп кеткен туысымдай жақындарды.  
Өнерін Қалиқан мен Қалдыбектің  
Жиылған тәмам халқым мақұлдады.

Шығыстан Сара келді жайрақ қағып,  
Бұл жерден Райхан шықты маржан тағып.  
Еүлде алды Тілеумұрат, Мүтәллаптар,  
Кәмәл мен Елеусіздер қалсын нағып.

Көрдім мен ұлы адамдар нәсілдерін,  
Жәкеңше Өлімқұлдың кәсілгенін.

Бір кезде Төрткен менен Момын шықты,  
Апта алман мәртебемді өсіргенін.

"Өнер көзі - халықта" деген шындық,  
Бәріміз де бас иіп іштен тындық.  
Бар екен қобызшы да, күйші, биші,  
Жырау мен шөжіреші шөрткен сыр ғып.

## М А З М У Ц И

### Көкшем менің

Менің жырм.....	
Өзбек – өз бауырым.....	
Егінші ерлігін көргенде.....	
Алтын астықты алқапта.....	
Көкше дәні еңбек әні.....	
Торқалы дәні – еңбек әні.....	
Торқалы тойға арнау.....	
Сәлем саған, Қызылжар!.....	
Есентуки.....	
Береке.....	

### Арнау өлеңдер

Бәлелерге.....	
Жақсыларға нәз.....	
Боркенге.....	
Балаларға.....	
Өтініш.....	
Ұстаздарыма.....	
Ақынсымақ.....	
Дәріжанға.....	
Дәріжан ауыруғанда.....	
Дәрігер мен ақын.....	
Түнемел.....	
Ақындықты ойласам.....	
Нәз.....	
Өткен күнді ойласам.....	



Журналист досыма,.....	
Оңашада.....	
Шабат.....	
Дәріжанмен отасқалы отыз жыл.....	
Дәріжан елуде.....	
Балаларға.....	
Шоцандар слетінде.....	
Оннан он бір артық болар.....	
Заводухова.....	
Озаттардың облыстық жиынында.....	
Еліме менің елу жыл.....	
Москва Отанымның астанасы.....	
Жамбылдың 125 жылдығы үстінде.....	
Құттықтау.....	
Кавказ курорттында.....	
Омбыда болғанымда.....	
Тай бастар.....	
Ораз ағайға.....	
Студент балаларға.....	
Байсейіт ағаға.....	
Қайран Сыздық қайнағам.....	
Қазі ағай алпыста.....	
Ұлы Октябрь орденін таққан елім.....	
Бажаға.....	
Мәрияш келін түскенде.....	
Алпыс жастың ағыны.....	
Кенен тойына толғау.....	
Тың өлкесі.....	
Иңіс жері.....	
Біржан салдың тойына.....	
Шоқан тойына.....	

Жану Мұса тойына.....  
Менің он бес жасымда.....  
Айтатырғын сөзім бар.....  
Медсестра қарындасқа.....  
Бақас алпысқа толғанда.....  
Немерем мектепке барғанда.....  
Дем алушыларға арнау.....  
Шалағайлық .....  
Құрдасқа.....  
Диабет.....  
Өкініш.....  
Абайдағы ақсақалмен әзіл.....  
Шабыт шақыру.....  
Медальді иесіне бергенім.....  
Терме.....  
Ауырып тұрмын.....  
Қызы мен өзім.....  
Хат.....  
Байсейіт Байбосынов ағаға!.....  
Мұсаны еске алу.....  
Алтын той.....  
Ұстаздарды құттықтау.....  
Жас ақындарға.....  
Еңбекшілерге.....  
Анама.....  
Өмірімнің айнасы.....  
Тілек.....  
Жылқышылар тойында.....  
Ағаларға.....

Дәрігерге алғыс.....  
Алматы, Алатауы.....  
Емделген.....

**Айтыстар**  
=====

Алғашқы айтыс.....  
Сарбас Ақтаевпен айтыс.....  
Құдыкен Ибрагимовпен айтыс.....  
Кәрім Тақауинмен айтыс.....  
Қалихан Алтынбаевпен айтыс.....  
Жаналы Сөкеновпен айтыс.....  
Әбікен Сарыбаевпен айтыс.....  
Құдайберлі Мұрабековпен айтыс.....  
Хайдар Мамановпен айтыс.....  
Бүркіт Бекмағамбетовпен айтыс.....  
Толғау.....  
Айтыстарды еске алу.....  
Торқалы тойға.....  
Айтыстан кейінгі ойлау.....

Дәрігерге алғыс.....	
Алматы, Алатауы.....	
Емделген.....	

### Айтыстар

=====

Алғашқы айтыс.....	
Сарбас Ақтаевпен айтыс.....	
Құдыкен Ибрагимовпен айтыс.....	
Кәрім Тақауинмен айтыс.....	
Қалихан Алтынбаевпен айтыс.....	
Жаналы Секеновпен айтыс.....	
Әбікен Сарыбаевпен айтыс.....	
Құдайберлі Мұрзабековпен айтыс.....	
Хайдар Мамановпен айтыс.....	
Бүркіт Бекмағамбетовпен айтыс.....	
Толғау.....	
Айтыстарды еске алу.....	
Торқалы тойға.....	
Айтыстан кейінгі ойлар.....	



